№22-23 (308).
21 тамыз,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен
жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗІРГІ АХУАЛ ТИІМДІ ӘРІ БІРЕГЕЙ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШЫП ОТЫР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен аса маңызды минералдар, соның ішінде сирек кездесетін металдар саласын дамыту мәселелері жөнінде Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан ресурс және өндіріс әлеуеті жағынан Орталық Азияда көш бастап тұрғанына назар аударып, мұны мемлекет мүддесіне пайдалану қажеттігін атап өтті.

– Қазба байлығы мол елдер үшін әлемдегі қазіргі ахуал тиімді әрі бірегей мүмкіндіктерге жол ашып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент дүние жүзінде аса маңызды материалдарға қол жеткізуде мемлекеттер арасындағы бәсекелестік күшейе түскенін айтты. Бұл бағыт жоғары технологиялық салаларды дамыту тұрғысынан стратегиялық маңызға ие. Осы орайда Қазақстан қолда бар ресурстар мен өнеркәсіп әлеуетін тиімді пайдаланып, өз мүмкіндіктері мен өндіріс тізбегін дәйекті түрде дамытқаны жөн.

Жиын барысында Үкімет мүшелері саланың қазіргі жай-күйі, ресурс қорын игеру перспективасы, қайта өңдеу бағытын дамыту және кедергілер туралы есеп берді.

Отырыс қорытындысы бойынша Үкімет пен тиісті мемлекеттік органдарға саланы дамытуға қатысты жүйелі көзқарас қалыптастыру, реттеу тетіктерін жетілдіру, геологиялық барлау мен өңдеу ісін дамыту, техногенді минералдық түзілімдерді экономикалық айналымға қосу, зертханалар базасы мен кадрлар құрамын нығайту, сондай-ақ әкімшілік кедергілерді жою жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Akorda.kz



АБАЙТАНУШЫ, АЛАШТАНУШЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақ ғылымы мен руханиятында Абай мен Алаш мұрасын зерттеуге ғұмырын арнаған көрнекті ғалым, Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұрсын Жұртбайға жоғары мемлекеттік награда табысталды.

Ұлттық әдебиет пен тарихи сананың өзекті мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосып келе жатқан ғалым ғылым мен мәдениетті дамытудағы ұзақ жылғы еңбегі, ұлттық құндылықтарға адалдығы және ел руханиятына сіңірген айрықша қызметі үшін I дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Жоғары мемлекеттік награданы ғалымға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада салтанатты жағдайда табыс етті.

Мемлекеттік награданы тапсыру кезінде Мемлекет басшысы Тұрсын Жұртбайдың қазақ тарихының көмескі тұстарын зерделеуге, Алаш қайраткерлерінің мұрасын ғылыми айналымға енгізуге және ұлттық сананы жаңғыртуға қосқан еңбегіне арнайы тоқталды.

Президент өз сөзінде ғалымның Абай шығармашылығын зерттеудегі еңбегін жоғары бағалап, ұлы ойшылдың мұрасын ұлттың рухани өмірімен сабақтастыра қарастырудың маңызын атап өтті.

«Сіз Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, оның мұрасын жан-жақты насихаттау бойынша орасан зор жұмыс атқардыңыз. Абай – ұлттың рухани темірқазығы, өскелең ұрпақтың айнымас бағдары. Шын мәнінде, ұлы ойшылды тану – қазақ халқын тану деген сөз», – деген Мемлекет басшысы ғалымның Мұхтар Әуезов пен өзге де ұлттық қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулерінің маңызын атап өтті.

4-бетте »

ТАРИХИ ТАҢДАУ – ЕЛ ТАҢДАУЫ



23 тамыз – ел тарихындағы елеулі күн. Биыл алғаш рет «Құрылтай» атауын иеленген жаңа қоғамдық-саяси кезеңге қадам басып отырмыз. Бұл – тарихи атауды жаңғыртып қана қоймай, елдің ертеңіне деген жауапкершілікті айқындайтын маңызды сәт. Құрылтай сайлауы – әр азаматтың өз таңдауын жасап, ел болашағына үн қосатын мүмкіндігі. Барша сайлаушыларды 23 тамыз күні өз учаскелеріңізге барып, азаматтық белсенділік танытып, дауыс беруге шақырамыз!
Тарихи күн құтты болсын! Ел таңдауы – ел болашағының берік негізі болғай!

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТЫ НАҚТЫ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

Өкілеттігі мен мүмкіндігіне шолу

Құрылтайға өткен бір депутаттың нақты қолынан не келеді? Министрді қызметінен кетіре ала ма? Мектеп немесе жол салуға ықпал ете ме? Үкіметтен не талап ете алады? Толығырақ ақпараттан оқи аласыз.

23 тамызда Қазақстанда жаңа бір палаталы Парламент – Құрылтай депутаттарының **алғашқы сайлауы өтеді.** Құрылтай **145 депутаттан** тұрады. Олар біртұтас жалпыұлттық округ бойынша пропорционалды жүйемен сайланып, бес жыл қызмет етеді.

Жаңа Парламентке заң қабылдау, Үкімет жұмысын бақылау, республикалық бюджетті қарау және бірқатар жоғары лауазымды тұлғаны тағайындауға келісім беру сияқты маңызды өкілеттіктер берілген. Алайда бұл мүмкіндіктердің бәрін бір депутат жеке өзі пайдалана алады деген сөз емес.

Сонда Құрылтайға өткен бір депутаттың нақты қолынан не келеді? Министрді қызметінен кетіре ала ма? Мектеп немесе жол салуға ықпал ете ме? Үкіметтен не талап ете алады? BAQ.KZ жаңа Конституция мен «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда қарастырылған негізгі тетіктерге шолу жасады.



ДЕПУТАТ ЖАҢА ЗАҢ ҰСЫНА АЛА МА?

Құрылтай депутатының негізгі міндетінің бірі – **заң шығару жұмысына қатысу.**

Конституцияның 60-бабына сәйкес заң шығару бастамасы Президентке, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке және Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі. Яғни депутат жаңа заң жобасын ұсынып қана қоймай, қаралып жатқан құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасай алады.

Бұл салық, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіпкерлік, экология, еңбек қатынастары, қорғаныс пен қауіпсіздік сияқты түрлі салаға қатысты болуы мүмкін.

Алайда мұнда маңызды шектеу бар. Егер депутаттың бастамасы мемлекеттік шығысты көбейтетін немесе бюджет кірісін азайтатын болса, оны енгізу үшін Үкіметтің оң қорытындысы қажет.

Мәселен, депутат белгілі бір әлеуметтік төлемді көбейтуді ұсына алады. Бірақ бұл бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етсе, Үкіметтің оң қорытындысынсыз бастаманы заң жобасы ретінде әрі қарай өткізу мүмкін емес.

Яғни депутат мәселені көтеріп, оны заң арқылы шешудің жолын ұсына алады. Ал бюджетке тікелей әсер ететін бастамаларда атқарушы биліктің ұстанымы да ескеріледі.

2-бетте »

КҮЛКІ АСТЫНДАҒЫ АҚИҚАТ



Сатира – жай ғана күлдіру үшін туған жанр емес. Оның түпкі мақсаты – қоғамдағы кемшілікті әшкерелеу, адамды түзеу, ұлттың мінезін сауықтыру болып табылады. Нағыз сатириктің қаруы – күлкі, ал көздегені – шындық.

Қазақ сатирасына көз салар болсақ, Абайдың ащы мысқылынан бастау алған бұл үрдіс кейін Бейімбет Майлин, Асқар Тоқмағамбетов, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров сияқты қаламгерлердің шығармаларында жаңа белеске көтерілді. Олар қоғамның кемшілігін күлкі арқылы көрсетіп, халықты сергектікке шақырды. Яғни, бүгінгі қазақ сатирасының көксегені: күлкі емес – түзелу, әжуалау емес – жаңару, адамды кемсіту емес – қоғамды кемелдендіру. Осы дәстүрді бүгінгі прозада өзіндік қолтаңбасымен жалғап жүрген қаламгерлердің бірі – Доқтырхан Тұрлыбек.

Оның «Дайрабайдың «көкесі» атты әзіл-сықақ әңгімесі сырт қарағанда жеңіл оқылатын күлкілі оқиға секілді көрінгенімен, тереңіне бойлаған сайын оның ұлттық мінездің, адамгершілік ұстанымдардың және достықтың қадірін танытатын шығарма екеніне көз жеткіземіз.

5-бетте »

БІРІНШІ және СОҢҒЫ РЕТ...



Бұдан бұрын «Сырымды саған айтамын» деген кітабым жарық көріп еді. Соның ішінде бір әңгімем, қылмыстық оқиғаға байланысты әңгіме ғой, сонда Русланов деген кейіпкерім бар. Азғындық әрекеті үшін сотталған адам. Кәмелетке толмаған қызды зорлаған ғой.

Енді мына әңгімеге кірісейін.

Бір күні балабақшаға баратын бүлдіршін қыз кешкілік телевизор көріп отырады. Әкесі бір жақтан келе жатқан әйелін қарсы алу үшін теміржол вокзалына кетеді. Қыз үйде жалғыз қалады. Ол қайтып келсе, қалдырып кеткен қызы жоқ. Телевизор өшірілмеген, жұмыс істеп тұр. Әрине, жан ұшырып іздейді. Үйден де, сырттан да таба алмайды. Амалсыз милицияға хабар береді. Дереу дабылдатып іздеуге кірістік.

Бұл тура сайлаудың қарсаңы болатын. Біз де жабылып іздедік. Жан-жаққа хабарластық. Алайда ешқандай хабар болмады. Қызды көрдік, білдік деген бір сыбыс жоқ. Әлгіндей саяси науқанның кезі. Жұрт жаппай құлақтанған. «Ойбай, не дейсің, балабақшаның бір қызын үйінен алып кетіпті. Өзі әдемі қыз екен» дейді бір-біріне. Оның үстіне, біздің естіп білуімізше, ерекше қыз екен. Ойы қатарластарынан озық, әрекеті де өзгеше қыз дейді. Әкесі мен шешесі еңіреп жылап отыр.

Мұндай да кінәлі іздейтін әдет қой. Талай күн үйде болмай, қызын сағынып келген анасы, әрине, қыздың өгей әкесі – күйеуін кінәлайды.

6-бетте »

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ!

АЙТЫЛҒАН СӨЗ АТЫЛҒАН ОҚ ДЕУШІ ЕДІ,

АЛ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ХАТ АРҚЫЛЫ АЙТҚАНЫ Б... БОЛҒАНЫ МА?!

Түркістан облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов жайлы жазылған сыни материалдарға байланысты Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесінің «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің бас редакторы Мұратбек Балқыбекұлы Тоқтағазинға жазған хабарламасын газетіміздің өткен нөмірінде ұсынған болатынбыз.


Ә. Қ. Құсайынов

Осы жылы Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің орталық және жергілікті жерлердегі сайлауын өткізгендігі бәріңізге мәлім. Осы тұста Сайрам, Қазығұрт, Арыс, Ордабасы аудандарының ардагерлері **Ж. Мәуленқұловтың** аудандық ардагерлер ұйымының конференцияларында сайлау барысында жіберген өрескел қателіктерін бірнеше рет газет бетінде **сынаған** болатын. Орталық кеңеске **орын алған** өрескел кемшіліктерді жойып, **Ж. Мәуленқұловтың** тарапынан жіберіліп отырған лауазымына лайықсыз әрекеттерге баға беру жөнінде аудандық ардагерлердің ұсынысы бойынша газет Орталық кеңестен шара көру үшін оның төрағасы **Ә. Қ. Құсайыновқа** сұрау салған болатын. Соған байланысты газеттің бас редакторы Мұратбек Тоқтағазинге мына төмендегідей мазмұнда хат келіп түсті. Оқырман осы жайдың немен аяқталғанын білуге құлақ түріп отырғанын және олардың газетте айтылған сыни материалдарға қандай шара көрілгендігін білу туралы талаптілектер түскенін ескеріп, Орталық кеңестің хат мазмұнын түгелдей қайта жариялауды жөн көрдік.



«АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ОРТАЛЫҚ КЕҢЕС

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ОРГАНИЗАЦИЯ ВЕТЕРАНОВ»

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ СОВЕТ

010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-207,
т. 556-970, 556-488, 557-588, 556-968, 557-296,
e-mail: info@ardager-rqb.kz

№ 234
2026 ж. «13» шілде

010000, город Астана, улица Бейбитшилик, 11-207,
т. 556-970, 556-488, 557-588, 556-968, 557-296
e-mail: info@ardager-rqb.kz

№_____
«_____» _____ 20____ г.

«Әділет» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің Бас редакторы М.Б.Тоқтағазинге

Құрметті Мұратбек Балқыбекұлы!

Сіздің ағымдағы жылы 15 және 29 маусымда Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің Төрағасы Ә. Қ. Құсайыновтың атына жолдаған өтініштеріңізге сәйкес келесіні хабарлаймыз.

Сіз көрсеткен фактілерді тексеру мақсатында Е. Ұ. Бектұрғановтың жетекшілігімен арнайы комиссия құрылып, Түркістан облысына барып қайтты. Комиссия мүшелері облыстық филиал төрағасы Ж. Мәуленқұловтың іс-әрекеттерінің заңсыздығын алға тартып шағымданған азаматтармен де, сондай-ақ филиал басшысының жұмысын қолдайтын қызметкерлермен де егжей-тегжейлі әңгімелесу жүргізді.

Тексеріс қорытындысы бойынша комиссия Түркістан облыстық филиалының аппараты іс жүзінде Шымкент қаласында орналасқанын және қызметін сонда жүзеге асырып отырғанын анықтады. Осыған байланысты Ж. Мәуленқұловқа қысқа мерзім ішінде филиал аппаратының облыс орталығы – Түркістан қаласына көшуін қамтамасыз ету туралы қатаң әрі ымырасыз талап қойылды. Көшуден бас тартқан жағдайда басшыға өз өкілеттігін ерікті түрде тапсыру ұсынылды. Осылайша, Орталық кеңес өңірлік бөлімшеде түбегейлі шаралар қабылдады.

Қосымша ретінде, жұмыс тиімділігін арттыру және болашақта мұндай жағдайларға жол бер-меу мақсатында Орталық кеңес тарапынан өңірлік филиал басшыларының лауазымда болуының шекті мерзімдері қайта қаралатынын (басшылық кадрларды ротациялау және өкілеттік мер-зімдерін шектеу енгізіледі) мәлімдейміз. Ал Сіз атап өткен басқа да позициялар мен фактілерге келетін болсақ, оларға құқықтық баға беріп, түпкілікті шешім қабылдау – тек сот органдарының құзыретіне жатады. Бірлестік басшылығы тек құқықтық өріс шеңберінде әрекет етеді.

Қысқа мерзім ішінде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің Төрағасы Ә.Қ. Құсайыновтың жетекшілігімен ауқымды жұмыстар атқарды:

• Бірқатар түйінді келісімдерге, соның ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен зейнеткерлердің өмір сүру сапасын жүйелі түрде жақсарту жөніндегі маңызды Меморандумға қол қойылды.

• Басшылықтың өңірлерге тұрақты жұмыс сапарлары ұйымдастырылып, қарттарды қолдаудың жаңа жобалары іске қосылды, жер-жерлерде ауқымды кездесулер өткізілуде.

Өкінішке қарай, бұл маңызды әрі оң өзгерістер Сіздің басылымыңыз тарапынан шығарылмаған, тек жағымсыз тұстары ғана жазылуда. Бүгінгі таңда ардагерлер ұйымдары мен серіктес бұқаралық ақпарат құралдарының міндеті – қоғамымызды ұйыстыруға, тұрақтылықты нығайтуға және Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қойған ауқымды міндеттерді орындауға жұмыла әрекет ету. Тек жасанды резонанс тудыруға бағытталған сыңаржақ жарияланымдар оқырмандардың мазасын алып, тұтастай алғанда еліміздің ардагерлер қозғалысының беделіне нұқсан келтіреді, бұған жол беруге болмайды.

Ақпарат беру тәсілдерін қайта қарап, бастауыш, аудандық және облыстық буындағы ардагерлердің шынайы жетістіктері мен күнделікті қажырлы еңбегін жариялауды бастауды нық ұсынамыз – біздің аға буын бұған әбден лайықты.

Біз бұрынғыша сындарлы диалогқа ашықпыз және Сіздің газетіңізбен алдағы уақытта да тек позитивті, жасампаздық негізде жұмыс істейміз деп үміттенеміз.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ
Төрағасының бірінші орынбасары, генерал-лейтенант **А. Тасболатов**



Генерал А Тасболатовтың хат арқылы жазған сөзі тастай болғанымен, Мәуленқұлов мән бермей, «қыстырмай» отыр. Сонда Әбекеңнің сөзі жерде қалып, абыройын аяққа басқызғаны ма?! Болмаса сөзіне ие бола алмайтын басшыда қандай басшылық қасиет болуы мүмкін?!

Ел мен жұрт әр сөздің мән-мағынасына баға беріп, байыптайды. Басшыны баспақ құрлы көрмей отырған Ж.Мәуленқұлов «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын» жүзден шыққан жүйрікбас болғаны ма? Орталық кеңес өз сөзіне ие болып, дұрыс қорытынды шығарады деген үміттеміз, әзірге.



«Әділет» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің алқа ұжымы.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТЫ НАҚТЫ НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

МИНИСТР МЕН ӘКІМГЕ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ ЖОЛДАЙ АЛАДЫ

Депутаттың Үкімет пен мемлекеттік органдарға ықпал ететін негізгі құралдарының бірі – депутаттық сауал.

Құрылтай депутаты Премьер-министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық банк төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне, Жоғары аудиторлық палата төрағасы мен мүшелеріне, Бас прокурорға, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына, сондай-ақ облыстардың, Астана мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне ресми сауал жолдай алады.

Заң бойынша мұндай сауалға бір айдан аспайтын мерзімде жауап берілуге тиіс. Депутат талап етсе, жауап Құрылтай отырысында жариялануы мүмкін. Бұл тетік қоғамдағы нақты мәселелерді мемлекеттік деңгейде көтеруге мүмкіндік береді.

Мәселен, мектеп құрылысы тоқтап қалса, мемлекеттік бағдарлама орындалмаса немесе белгілі бір салада бюджет қаражатын игеру мәселесі туындаса, депутат тиісті министрден немесе әкімнен оның себебін ресми түрде сұрай алады.

Алайда депутаттық сауалды тікелей тапсырмамен шатастыруға болмайды. Депутат министрге «мына жолды жөнде» немесе әкімге «осы ауылға мектеп сал» деп міндеттейтін бұйрық бере алмайды. Атқарушылық шешім қабылдау Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде қалады.

Бұған қоса Бас прокурорға, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданатын депутаттық сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыру мәселелеріне қатысты болмауға тиіс.

ДЕПУТАТ МЕКТЕП НЕМЕСЕ ЖОЛ САЛДЫРА АЛА МА?

Сайлау кезінде депутат кандидаттарына қойылатын талаптың бірі – белгілі бір елді мекенге мектеп, аурухана салдыру немесе жол жөндету.

Алайда депутаттың өзі бюджеттен нақты бір нысанға ақша бөле алмайды.

Республикалық бюджет жобасын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді, Үкімет оны Құрылтайға ұсынады. Ал Құрылтай бюджет туралы заңды қарайды және қабылдайды.

Сондықтан депутат белгілі бір мәселенің бюджетте ескерілуіне ықпал ете алады, тиісті ұсыныс енгізеді, министрліктен немесе әкімдіктен түсініктеме сұрайды, мәселені комитетте немесе Құрылтай отырысында көтереді.

Бірақ мемлекеттік сатып алу өткізу, нақты құрылысқа қаражат бөлу немесе жұмысты бастап кету депутаттың құзыретіне кірмейді.

Сондықтан депутаттың жұмысын «мектеп салып берді» немесе «жол жөндеп берді» деген өлшеммен ғана бағалау дұрыс емес. Негізгі сұрақ – мәселені көтере алды ма, оны бюджетке немесе заңға енгізуге ықпал етті ме және жауапты органнан нәтиже талап ете алды ма?

БІР ДЕПУТАТ МИНИСТРДІ ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРА АЛМАЙДЫ

Құрылтайдың Үкімет мүшелеріне қатысты да саяси тетіктері бар. Бірақ оларды іске қосу үшін бір депутаттың бастамасы жеткіліксіз.

Үкімет мүшесінің қызметі туралы есепті тыңдауға Құрылтай депутаттарының кемінде үштен бірі бастама жасай алады.

145 депутаттың үштен бірі – **кемінде 49 депутат.**

Егер есепті тыңдау барысында Үкімет мүшесінің Қазақстан заңдарын орындамағаны анықталса, депутаттардың жалпы санының кемінде үштен екісі Президентке оны қызметінен босату туралы өтініш білдіре алады.

Бұл – **кемінде 97 депутат.**

Мұндай жағдайда Конституция Президенттің тиісті Үкімет мүшесін қызметінен босататынын бекітеді.

Яғни бір депутат министрді өздігінен орнынан ала алмайды. Бірақ мәселені көтеріп, басқа депутаттардың қолдауын жинаса, саяси рәсімнің басталуына ықпал ете алады.

ҮКІМЕТКЕ СЕНІМСІЗДІК БІЛДІРУ ҮШІН ҚАНША ДЕПУТАТ КЕРЕК?

Құрылтай тұтас Үкіметке де сенімсіздік білдіре алады.

Мұндай бастаманы Құрылтай депутаттарының кемінде бестен бірі көтеруге тиіс. 145 депутаттың бестен бірі – **29 депутат.**

Ал сенімсіздік вотумын қабылдау үшін депутаттардың жалпы санының көпшілігі қолдауы керек. Яғни кемінде **73 дауыс қажет.**

Алайда сенімсіздік вотумы қабылданса, Үкімет сол сәтте автоматты түрде қызметінен кетпейді.

Мұндай жағдайда Үкімет Президентке отставкаға кету туралы мәлімдейді. Президент он күн ішінде оны қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім шығарады.

Сондықтан 29 депутат Үкіметті отставкаға жібере алмайды. Олар тек сенімсіздік білдіру рәсімін бастауға мүмкіндік алады.

БЮДЖЕТ ЕСЕБІН ҚАБЫЛДАМАУДЫҢ ДА САЯСИ САЛДАРЫ БАР

Құрылтай жыл сайын Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарайды.

Егер депутаттар Үкіметтің республикалық бюджеттің орындалуы жөніндегі есебін бекітпесе, Конституция бойынша бұл Үкіметке сенімсіздік білдіру болып есептеледі.

Демек бюджет есебін қарау жай ғана қаржының қалай жұмсалғанын талқылаумен шектелмейді. Белгілі бір жағдайда оның Үкімет үшін саяси салдары болуы мүмкін.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІ ТАҒАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСАДЫ

Құрылтай маңызды кадрлық шешімдерге де қатысады.

Президент **Премьер-министр** кандидатурасын Құрылтайдағы саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін Құрылтай қарауына енгізеді. Депутаттардың жалпы санының көпшілігі келісім берген жағдайда Президент Премьер-министрді тағайындайды.

Вице-президентті тағайындау үшін де Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауыспен берген келісімі қажет.

Сонымен қатар Президент Конституциялық сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындау кезінде Құрылтайдың келісімін алады.

Ал Жоғарғы сот судьяларын Құрылтай Президенттің ұсынуымен сайлайды және қызметінен босатады.

Әрине, бір депутат мұндай кадрлық шешімді жалғыз өзі қабылдамайды. Бірақ оның дауысы Құрылтайдың ортақ шешіміне әсер етеді.

ПАРТИЯДАН ШЫҚҚАН ДЕПУТАТ МАНДАТЫНАН АЙЫРЫЛАДЫ

Жаңа Құрылтайдың ерекшелігінің бірі – барлық 145 депутаттың партиялық тізім бойынша сайлануы.

Депутаттар біртұтас жалпыұлттық округ бойынша пропорционалды жүйемен сайланады. Бұрынғы Мәжілістегідей бірмандатты округ арқылы өтетін депутаттар болмайды.

Конституцияға сәйкес депутат өзі сайланған саяси партиядан шықса немесе партия оны мүшеліктен шығарса, мандатынан айырылады. Партияның қызметі тоқтатылған жағдайда да депутаттың өкілеттігі тоқтайды.

Бұл Құрылтайдағы партиялық фракциялардың рөлін арттырады. Депутат тек жеке саясаткер ретінде емес, оны Парламентке өткізген партияның өкілі ретінде де әрекет етеді.

БІР ДЕПУТАТТЫҢ НАҚТЫ КҮШІ ҚАНДАЙ?

Қарапайым тілмен айтқанда, бір Құрылтай депутаты министрге немесе әкімге бұйрық бере алмайды. Ол бюджеттен өзі қалаған жобаға ақша бөліп, министрді жеке шешімімен жұмыстан шығара алмайды.

Бірақ оның қолында нақты саяси және құқықтық құралдар бар.

Депутат жаңа заң ұсына алады, қолданыстағы заңдарға түзету енгізуге бастама жасайды, заңда көрсетілген лауазымды тұлғаларға депутаттық сауал жолдайды, мәселені Құрылтай деңгейінде көтереді және заңдар мен басқа да шешімдерге дауыс береді.

Ал депутаттар бірігіп әрекет еткен кезде олардың мүмкіндігі айтарлықтай кеңейеді.

29 депутат – Үкіметке сенімсіздік білдіру мәселесін көтере алады.

49 депутат – Үкімет мүшесінің қызметі туралы есепті тыңдауға бастама жасай алады.

73 депутат – Конституцияда өзгеше талап көзделмесе, заңдар мен Құрылтай қаулыларын қабылдауға жеткілікті көпшілік.

97 депутат – заңдарды орындамаған Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы Президентке өтініш білдіре алады. Конституциялық заңдарды қабылдау үшін де кемінде осынша дауыс қажет.

Сондықтан Құрылтай депутатының жұмысын тек қанша мәселе көтергенімен бағалау жеткіліксіз. Оның бастамасы заңға айналды ма, басқа депутаттардың қолдауын жинай алды ма, Үкіметтен нақты жауап талап етті ме және маңызды дауыс берулерде қандай позиция ұстанды – депутаттың нақты саяси салмағы осыдан көрінеді. Жаңа Құрылтайдың құқықтық тетіктері заңда белгіленген. Ендігі мәселе – 23 тамыздағы сайлаудан кейін депутаттардың осы мүмкіндіктерді іс жүзінде қаншалықты белсенді пайдалана алатынында.

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ТАНЫМАЛ ТУРИСТІК ӨҢІРЛЕР ҚАТАРЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту мәселесіне басымдық беріп, маңызды міндеттер жүктегені белгілі. Түркістан облысында осы бағытта ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Жүйелі жұмыстар нәтижесінде 2026 жылдың алғашқы тоқсанында Қазақстан ішінде туристер ең көп демалған көшбасшы өңірлер қатарына Түркістан облысы да қосылды. Бұл туралы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитеті хабарлады.

Түркістан облысы тарихи және мәдени мұраға бай. Облыс аумағында 1792 тарих және мәдениет ескерткіші, оның ішінде 1 халықаралық маңызды нысан (Қ.А.Ясауи кесенесі), 41 республикалық маңызы бар ескерткіш, 403 жергілікті маңызы бар ескерткіш бар. Өңірде 264 орналастыру орны және 117 санаториялық-курорттық ұйым жұмыс істейді. Бұдан басқа, облыс аумағында 4 ерекше қорғалатын табиғи аймақтар орналасқан. Олар: ЮНЕСКО биосфералық объектілерінің тізіліміне енгізілген «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтары, сондай-ақ «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі және «Сырдария - Түркістан» өңірлік табиғи паркі.

Облыста 2025 жылдың қорытындысымен ресми статистикалық деректерге сәйкес, орналастыру орындарында демалған туристер саны 347,6 мың адамға жетіп (отандық туристер 325 073 турист, шетелдік 22 563 турист), 2024 жылмен салыстырғанда 14,7%-ға артты. Тарихи-мәдени нысандарға келушілер саны 1 млн адамға жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 13%-ға өсті. Табиғи аумақтарға саяхаттағандар саны 151,9 мың адамды құрап, 18,1 пайыз өсім көрсеткен.

2026 жылдың I тоқсанымен орналастыру орындарында демалғандар саны 87,1 мың адамға (шетелдік туристер 2 148, отандық туристер 84 931) жетіп, өткен жылдың тиісті кезеңінен 42%-ға өскен. Орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі 2,2 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңінен 46,6%-ға өсіп отыр. 2026 жылдың 6 айының қорытындысымен тарихи-мәдени орындарға 575 мың адам саяхаттаса, табиғи орындарға келушілер саны 60,1 мың адамға жеткен.

6 ай қорытындысымен «е-қонақ» ақпараттық жүйесі арқылы тіркелген шетелдік туристер саны 39 879 адамды құрап, өткен жылдың тиісті кезеңінен 43,87%-ға өскен. Түркістан облысына туристер ең көп келген алғашқы 10 ел төмендегідей. Өзбекстан – 29 761 саяхатшы, Қытай Халық Республикасы – 2 481 саяхатшы, Түркия – 1 822 саяхатшы, Ресей Федерациясы – 1 338 саяхатшы, Қырғызстан – 865 саяхатшы, Тәжікстан – 420 саяхатшы, Германия – 365 саяхатшы, Франция – 236 саяхатшы, Ұлыбритания – 227 саяхатшы және Жапониядан 182 саяхатшы келген.

2026 жылдың 6 айының қорытындысымен туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 65,1 млрд. теңгені құрады. 2025 жылы жалпы туризм саласы бойынша облыс аумағында жалпы соммасы 17 млрд. теңгені құрайтын 24 туристік инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Биыл Кентау қаласына қарасты Хантағы елді мекенінде құны 1 млрд. теңгені құрайтын «Khantau» демалыс аймағының құрылысы аяқталып келеді. Ал Түркістанда жалпы көлемі 12 гектар, құны 10 млрд. теңгені құрайтын ірі аквапарк кешені салынып жатыр. Бұдан бөлек, Түркістан қаласы мәдени-рухани орталығында туристік маршруттарды арттыру және туристер санын ұлғайту мақсатында Күлтөбе қалашығын абаттандыру жобасы жүргізілуде. Сонымен қатар Түркістан қаласында «Yassy Hall Apartments» қонақ үй кешені салынуда.

Туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2026 жылы туристік нысандарға апаратын жолдарды жөндеу бойынша жалпы құны 5,1 млрд. теңгені құрайтын 5 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Облыс аумағында 117 емдік-сауықтыру орны жұмыс істейді. Жыл сайын елді мекендегі емдік-сауықтыру ұйымдарының саны өсуде. 2025 жылы 850 млн. теңгені құрайтын 3 емдік-сауықтыру ұйымы іске қосылған. 2026 жылы 2,5 млрд. теңгені құрайтын 5 емдік-сауықтыру ұйымының құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Өңірде экологиялық туризм қарқында дамуда. 2026 жылдың I тоқсанымен табиғи аумақтар келушілер саны 60,1 мың адамға жеткен. Облыс бойынша табиғи аумақтарда және оған іргелес аудандарда (Төлеби, Түлкібас аудандары) 99 демалыс орны, 62 қонақ үй, 12 шипажай, 6 киіз үй, 1 аңшылар үйі орналасқан. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық шарасы аясында Түркістан қаласындағы Қарашық өзенінің бойында 50 гектар аумақты қамтитын «Түркістан» экобағы ашылды.

«TURAN» АКВАПАРК – СУ САЯБАҒЫ ЖЫЛЫНА 200 МЫҢ ТУРИСТ ҚАБЫЛДАУҒА ҚАУҚАРЛЫ БОЛМАҚ

Түркістан қаласындағы «Turan» арнайы экономикалық аймағында әлемдік стандарттарға сай «Turan» аквапарк – су саябағының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. «Turkistan Onelee Cultural Tourism Investments Co. Ltd.» компаниясы жобаны іске асыруға 13,4 млрд. теңге инвестиция салуда.

Жалпы аумағы 11,7 гектарды құрайтын туристік-сауықтыру кешені үш кезеңмен жүзеге асырылады. Биыл наурыз айында басталған құрылыстың алғашқы кезеңін тамыз айында аяқтап, пайдалануға беру жоспарланған. Бұл кезеңде келушілерді қабылдау және тіркеу ғимараты, киім ауыстыру орындары, су аттракциондары, шомылу аймағы мен айналмалы аквапарк іске қосылады. Бүгінде I кезеңнің құрылысы аяқталуға жақын. Ал келесі кезеңдерде отбасылық демалыс аймақтары, қонақ үй, мейрамхана, әлемдік стандарттарға сай су аттракциондары, алып толқын бассейндері салынбақ. Жоба толық іске қосылғанда кешен жылына 200 мыңға дейін келуші қабылдап, жаңа жұмыс орындары ашылады. Құрылыс жұмыстарын 2028 жылы толық аяқтау көзделуде. Атқарылып жатқан жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің бақылауында.

Ауқымды жоба Түркістанды халықаралық туризм орталығы ретінде дамытуға тың серпін беріп, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

ТУРИЗМ АРҚЫЛЫ ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ӘЛЕУЕТІН ТАНЫТУ

Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында Қазығұрт ауданы Жігерген ауылдық округінде орналасқан «Асқартау» демалыс орнында танымдық экскурсия өтті.

Экскурсия барысында демалыс орнының иесі Есжанов Еркебұлан Асқарұлы жастарды нысанның жұмысымен таныстырып, кәсіпашу жолындағы тәжірибесімен бөлісті. Кәсіп иесінің айтуынша, «Асқартау» демалыс орны ауданымыздағы туризм саласын дамытуға өз үлесін қосу мақсатында ашылған.



Бүгінде демалыс орнына тек аудан тұрғындары ғана емес, көршілес аудандар мен өңірлерден де келушілер жиі ат басын бұрып, жоғары деңгейдегі қызметке ризашылықтарын білдіруде. Бұл – кәсіпкердің тынымсыз еңбегі мен сапалы қызмет көрсетуінің айқын нәтижесі.

Жастар демалыс орнының мүмкіндіктерімен танысып, заманауи үлгіде жабдықталған SPA моншасын, талапқа сай жабдықталған бассейнді және демалушылар үшін жасалған қолайлы жағдайларды өз көздерімен көрді. Сонымен қатар, алыстан келетін қонақтарға арналған жайлы киіз үйлер қарастырылып, табиғат аясында жайлы демалуға барлық мүмкіндік жасалғаны айтылды.

Кәсіп иесі келушілердің жайлылығы мен қауіпсіздігі әрдайым басты назарда екенін, демалыс орны тәулік бойы – 24/7 режимінде жұмыс істейтінін атап өтті.

Осындай танымдық экскурсиялар жастардың кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттырып, өз кәсібін ашуға ынталандырады. Сонымен қатар, ауданымыздағы табысты кәсіпкерлердің тәжірибесімен танысу арқылы жастар жаңа идеялар алып, болашақта кәсіпкерлік саласында өз орындарын табуға мүмкіндік алады.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 13 МЫҢНАН АСТАМ ТУРИСТ КЕЛГЕН

«Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркіне қарасты Боралдай, Сырдария және Түркістан филиалдарына жыл басынан бері 13 262 турист келген. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз мәслихатында аталған мекеменің туризм бөлімінің меңгерушісі Әйгерім Тәжиева мәлімдеді.

«Парк аумағындағы 47,3 гектар жер туристік мақсатта ұзақ мерзімді пайдалануға беріліп, 14 жер пайдаланушымен келісімшарт негізінде жұмыс жүргізілуде. Экологиялық тәрбие беру мақсатында биыл 15 жалпы білім беретін мектеппен ынтымақтастық орнатылып, мектеп орманшылықтары аясында ағаш отырғызу, экологиялық акциялар, танымдық экскурсиялар мен табиғатты қорғау шаралары өткізілуде. Сонымен қатар, парк аумағында 3 ақпараттық бекет орнатылып, келушілер үшін Kaspi QR арқылы төлем жасау жүйесі енгізілген. Алдағы уақытта өңірлік парк табиғи экожүйелерді сақтау, биоалуантүрлілікті қорғау, экологиялық туризмді дамыту және келушілерге қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастырады» - деді спикер.

Сондай-ақ, брифинг барысында «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-ң Орман қорғау инженері Баубек Құралбек парк аумағындағы өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

«Өрт қауіпті кезеңге дайындық аясында парк аумағында 2 152 шақырым минералды жолақты күтіп-баптау жоспарланып, бүгінгі күнге дейін оның 1 771 шақырымы орындалды. Өрт қауіпсіздігі бойынша 700 ескерту тақтайшасы жаңартылып, 24 қызметкер арнайы оқу курсынан өтті. Жыл басынан бері өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін азаматтарға 4 әкімшілік хаттама толтырылып, жалпы 1 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. 2026 жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша парк аумағында орман өрті тіркелген жоқ», - деді спикер.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНБАҚ

Түркістан облысында бой көтеретін әрбір нысанның сәулеттік келбеті, құрылыс сапасы және қолданыстағы заң талаптарына сәйкестігі қатаң бақылауға алынған. Осы мақсатта облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен сәулеттік жобалар жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиында өңірдің сәулеттік келбетін жақсартуға, туристік әлеуетін арттыруға және инвестиция тартуға бағытталған 11 жоба қаралды.

Кеңес барысында облыс әкімі жобалардың сапасына, заң талаптарының сақталуына және сәулеттік шешімдердің өңірдің бірегей келбетіне сай болуына ерекше назар аударды.

– Заңсыз құрылысқа жол берілмейді. Барлық жобаның заң талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз етіңіздер. Әрбір жауапты тұлға өз міндеттерін сапалы әрі уақтылы орындаса, ешқандай мәселе болмайды. Мақұлданған жобаларды іске асыру барысын қатаң бақылауда ұстауды тапсырамын, – деді Нұралхан Көшеров.

Кеңес отырысында Сарыағаш теміржол вокзалы аумағын абаттандыру жобасы және «Түркістан – Қарнақ» туристік маршруты аясында ашық аспан астындағы археологиялық парктің сәулеттік тұжырымдамасы таныстырылды. Сонымен қатар облыс орталығындағы көне Арбат пен теміржол вокзалы маңын абаттандыру және көгалдандыру жобалары қаралып, олар бойынша тиісті ұсыныстар берілді.

Бұдан бөлек, жеке инвесторлар өз қаражаты есебінен Түркістан қаласында жалпы аумағы 1,6 гектар болатын заманауи сауда-ойын-сауық орталығын, жанармай құю станциясын, автокөлікті кешенді күтіп-баптау орталығын, сондай-ақ мейрамхана мен қонақ үй салу жобаларын таныстырды. Кеңес мүшелері нысандардың сәулеттік келбеті, функционалдық ерекшеліктері мен инфрақұрылымға әсері жөнінде пікір алмасты.

Жиында сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлер құны 4,8 млрд. теңгені құрайтын Түркістан медициналық туризм орталығын салу жобасын ұсынды. Жоба толықтай жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылмақ.

Сонымен бірге кәсіпкерлердің бірі шығыс сәулет үлгісі мен ұлттық нақыш үйлесім тапқан таунхаус кешенінің жобасын таныстырды. Жоба өңірдің сәулеттік ерекшелігін сақтай отырып жүзеге асырылмақ.

Әрбір жоба бойынша жауапты тұлғалар мен инвесторларға нақты ұсынымдар беріліп, мақұлданған жобалардың сапалы әрі заң талаптарына сай жүзеге асырылуы бақылауға алынды.

ТАРИХ ПЕН РУХАНИЯТ ТОҒЫСҚАН ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ

Соңғы уақытта Отырар ауданына келуші туристердің саны артқан. Биыл аймаққа 185 870 турист келіп, ауданның тарихи-мәдени және рухани мұраларымен танысты.

Тамыры терең тарихымен танылған Отырар – ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері, өркениеттің алтын бесігі. Мұнда келушілер алдымен Арыстанбаб кесенесіне, Отырар қалажұртына, музей-қорық нысандарына және басқа да тарихи-мәдени ескерткіштерде аялдайды.

Бүгінде ауданның туристік әлеуетін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, тарихи нысандардың инфрақұрылымы жаңартылып, келушілерге қолайлы жағдайлар жасалуда. Бұл жұмыстардың нәтижесінде Отырарға келетін отандық және шетелдік туристер саны тұрақты өсіп келеді. Туризмнің дамуы аудан экономикасына оң әсерін тигізіп, қызмет көрсету саласының жандануына оң әсерін тигізуде.

Қасиетті Отырар – өткен мен бүгінді жалғаған, тарихы тағылымға, мәдениеті мұраға толы мекен. Аудан көлемінде туризмді дамыту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.



АБАЙТАНУШЫ, АЛАШТАНУШЫ МАРАПАТТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Президенттің айтуынша, Тұрсын Жұртбайдың ғылыми еңбектерімен қатар көркем шығармалары да ұлттық әдебиеттің мазмұнын байытып, қазақ руханиятының қазынасын толықтыра түсті. Ғалымның шығармашылық ізденісі мен зерттеушілік еңбегі бір-бірімен сабақтасып, әдебиет, тарих және ұлттық сана мәселелерін тұтастай қарастыруға мүмкіндік беріп келеді.

Тұрсын Жұртбайдың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жолы ең алдымен қазақ әдебиетінің тарихын, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің тағдырын, олардың шығармашылық мұрасын және ұлттық мәдениеттің қалыптасу кезеңдерін зерделеумен тығыз байланысты. Оның зерттеулерінде XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының елдік мұраты, азаттық идеясы, рухани ізденістері мен қоғамдық қызметі кеңінен қарастырылады.

Ғалымның Алаш тақырыбындағы ізденістері ұлттық тарихтың талай жыл бойы көмескі тартқан беттерін қайта зерделеуге жол ашты. Ол тарихи тұлғалардың өмір жолын тек дерек тұрғысынан ғана емес, сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік ахуалымен, ұлттық ойсана эволюциясымен сабақтастыра зерттеп келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Тұрсын Жұртбай еңбектерінің қазақ қоғамындағы тарихи жадыны жаңғыртудағы орны айрықша.

Абайтану саласында да ғалымның өзіндік зерттеу мектебі қалыптасты. Ұлы ақынның шығармашылық әлемін, ойлау жүйесін, қоғамдық көзқарасын және рухани мұрасын зерделеу арқылы ол Абай тұлғасының қазақ мәдениетіндегі орнын тереңірек танытуға еңбек сіңірді. Абайды зерттеу – бір ақынның шығармашылығын танумен шектелмей, тұтас ұлттың дүниетанымын, рухани болмысын түсінуге бастайтын кең арна екені ғалым еңбектерінен анық аңғарылады.

Бүгінде профессор Тұрсын Жұртбай Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып, жас ғалымдар мен студенттердің зерттеушілік ізденістеріне бағыт-бағдар беріп келеді. Ұстаздық қызметін ғылыми ізденіспен ұштастырған ғалым отандық әдебиеттану ғылымының дамуына да тұрақты үлес қосып келеді.

Сонымен бірге ол университет құрамындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында бас ғылыми қызметкер ретінде зерттеу жұмыстарын жалғастырып, ұлттық кітап қорын ғылыми айналымға енгізу, тарихи-әдеби деректерді жүйелеу және құнды мұраларды кейінгі ұрпаққа жеткізу бағытында еңбек етіп жүр.

Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық және ғылыми мұрасы Қазақстан аумағымен ғана шектелмейді. Оның зерттеулері мен көркем туындылары шетелдік оқырманға да таныстырылып, бірқатар еңбектері әлем халықтарының тілдеріне аударылды. Ғалымның ғылыми зерттеулерінің ЮНЕСКО-ның ресми тілдерінде жариялануы да қазақ әдебиеті, тарихы мен ұлттық руханият мәселелерінің халықаралық ғылыми кеңістіктегі маңызын көрсететін айғақтардың бірі.

Тұрсын Жұртбайдың көп жылғы еңбегінің өзегінде бір ғана мақсат бар деуге болады. Ол – ұлттың тарихи жадын жаңғырту, рухани мұраны ұлықтау және кейінгі ұрпаққа тағылымды дүниелер қалдыру. Абайды зерттеу арқылы ұлттық ойдың биігін танытса, Алаш мұрасын зерделеу арқылы елдік сананың тамырын тереңнен тартты.

Еуразия ұлттық университетінің ұжымы үшін профессор Тұрсын Жұртбайдың ғылыми-педагогикалық қызметі – ұлттық ғылым мен білімнің сабақтастығын танытатын тағылымды мектеп. Ғалымның ұзақ жылғы зерттеушілік тәжірибесі мен ұстаздық ұстанымы жас буынға бағыт-бағдар беріп, ғылыми ізденіске деген жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етіп келеді.

Жоғары мемлекеттік награда – ғалымның ел ғылымы мен мәдениетіне сіңірген еңбегіне берілген үлкен баға. Бұл марапат Тұрсын Жұртбайдың жеке шығармашылық жетістігін ғана емес, Абайтану, Алаштану және ұлттық руханият бағытындағы ғылыми ізденістердің қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін де айғақтайды.

Еуразия ұлттық университетінің ұжымы көрнекті ғалымды жоғары мемлекеттік наградасымен құттықтап, оған мықты денсаулық, шығармашылық қуат, жаңа ғылыми ізденістер мен толымды табыстар тіледі. Ел үшін емірене еңбек етіп, шығармашылық шыңына шыққан Тұрсағаңның ұлт руханиятының асыл қазынасын зерттеп, кейінгі ұрпаққа аманат ету жолындағы еңбегі жемісті болғай!

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

ЗАҢҒАР АЗАМАТ, БІЛІКТІ МАМАН



Былтырғы жылы қазан айында жылдағы әдетіммен «Оқжетпес» санаторийіне демалуға әрі ем алуға сапар шектім. Көкше өлкенің осы бір көрікті мекеніне кейде қыста, кейде көктемде, ал кейде күзде бағыт алып, сұлу табиғатын тамашалаған сайын таңдана сұқтанып, тамсанбай қайтқан емеспін. Жұмыста жүрген қайбір жылдары мұнда жаз айларында да келуге мүмкіндік болатын. Зейнетке шыққалы бері ондай артықшылықтан айрылдық. Оның себебін жолдама берушілер күннің жылы мезгілінде демалушылар көп, орын бола бермейді деп түсіндіреді. Бәлкім солай да шығар. Оған бола неге бұлай деп сөз жарыстыруды артық көріп, бұған да шүкір дейсің де, жылдың қай мезгілінде де сәнін бұзбай, қалың қарағайлары мен көкше көлдері, көгілдір қыраттары салтанат құра сап түзейтін, көкірегіңді кере демалатын саф ауасы жаныңды жадырататын ғажап табиғатқа жеткенше асығасың.

Бұл жердің табиғаты қандай әсем болса, мұнда келушілерге жасалатын жағдай да соған лайықты. Демалыс ғимараты да, оның ішіндегі тұрмысқа жайлы көріністер де, келушілерге қызмет көрсететін адамдары да сайма-сай. Барлығы да бейне бір айналадағы әсем көрініске көлеңке түсірмеуге, ыңғайсыздық туғызуы мүмкін әлде бір жағдайлармен көңіліңе кірбің салмауға арналғандай әсер қалдырады.

Осындай жанға жайлы жылы ұядай ғимаратқа кіріп, жарқын жүзбен қарсы алған қонақжай күтуші қыздардан жатын бөлмемнің кілтін алып жайғаса бастағаным сол еді, есік ашылып, «Ассалаумағалейкум» деген дауыс естілді. Мен де «Алейкумассалам» деп тіл қаттым. Сәлемдесіп, жөн сұрасқаннан кейін байқағаным, іле-шала келген қонақ менің бөлмелес серігім екен.

Ол өзін Төлебай Әжібекұлы Қожан деп таныстырды. Мен де аты-жөнімді айттым. Әрқайсымыз өзімізге тиісті орындарға жайғасып алғаннан кейін әңгімемізді жалғастырдық. Жаңа танысыммен сұхбаттасу барысында оның астанада тұратынынан, мен сияқты зейнеткер екенінен хабардар болдым. Зейнет жасына жеткенге дейін заң саласында, оның ішінде ұзақ жылдар сот қызметінде жемісті еңбек етіп, қызмет бабымен Жоғарғы Соттың судьялығына дейін көтеріліп, сол жерден зейнетке шығыпты.

Демалыс барысындағы алғашқы бірер күнде бөлмелес серіктесіммен арадағы әңгіменіз танысу, қал сұрасу, жас шамамызды білу, кімнің қай жерден, қай елден екенінен, қандай қызмет атқарғанымыздан хабардар болу тәрізді там-тұм пікір алысумен шектелді. Ал бірер күн тынығып, емшаралар алып, қаптаған қарағайлы қалың орман арасында серуендеп, сергігеннен кейін көңіліміз көтеріліп, көкірегіміз ашылды ма кім білсін, Төлебай танысыммен бір-бірімізді баяғыдан білетін адамдай қауқылдасып, тіл табысып кеттік.

Сондағы байқағаным Төлебай өте ақкөңіл, аңқылдаған азамат екен. Әдетте сот, прокуратура, милиция маңайында жүргендермен кездесе қалғандар бастапқыда аяғын тартыңқырап, тәртіп бұзып алмайын деген адамдай денесін жиыңқырап тұрады емес пе. Ал Төлебайдың жайдары мінезіне қарап оны, егер өзі айтпаса, сот саласының қызметкері деп мүлдем ойламайсың. Әзіл-қалжыңын араластыра сөйлеп, жарқылдай күліп, жадырай түсіп жүреді. Осыған орай бір реті келгенде Төкеңнен қазіргі мамандығына қалай келгенін сұрадым. Ол былай деп жауап берді:

- Мен қазіргі Түркістан облысының (ол кезде Оңтүстік Қазақстан) Мақтаарал ауданында (бұрынғы Киров ауданы) көп балалы отбасында туып өстім. Біздің аудан мақта өсірумен шұғылданатын. Сондықтан мен ауыл шаруашылығы мамандығын таңдауды ұйғарып, мектеп бітірген соң, құласаң нардан құла дегендей, Москваның Ауыл шаруашылығы академиясына құжат тапсырдым. Бірақ жолым болмады. Елге оралып, аудандық су шаруашылығы жүйесінде бір жылдан астам еңбек етіп, әскерге аттандым. Германияда әскери борышымды өтеп жүрдім. Арман жетегіндегі жас емеспіз бе. Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтқандай, «алдымда толған мақсат, толған таңдау, алайын анасын ба, мынасын ба», дейтін кезіміз ғой. Заңгер болуға көңілім ауды. Оның өзі сан салаға бөлінетінімен ол кезде шаруамыз шамалы. Сөйтіп әскерден қайтқан бойда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне құжат тапсырдым. Ауылда бір жылдан астам жұмыс істегенімнің және екі жыл әскерде болғанымның пайдасы тиіп, жеңілдікке ие болып, оқуға түсіп кеттім.

Төкең осылай деп сыр ақтарды. Оның таза ауада серуен құра жүріп айтатын әңгімесінен де, тиянақтылығы мен ұқыптылығы көзге ұрып тұратын күнделікті жүріс-тұрысынан да өмірден көргені де, түйгені де көп көшелі азамат екені аңғарылады. Бұл орайда оның жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша қырық жылдан астам уақыт абыройлы еңбек еткенін айта кеткеніміз жөн. Алдымен Торғай облыстық сотында тәжірибеден өтуден бастап, Гурьев (қазіргі Атырау) қалалық халық сотының судьясы, Шымкент облыстық сотының мүшесі, Шымкент қаласындағы Әл-Фараби ауданының халық судьясы бола жүріп, бірнеше жыл аянбай еңбек етіп, шыңдалып, тәжірибе жинақтапты.

Жігерлі жас маманның өз жұмысына жауаптылықпен қарап, берілген тапсырмаға тезірек орындап тастау тұрғысынан келмейтінін оның өзіне жүктелген әрбір сот ісінің артында адам тағдыры жатқанына ой тастап, неғұрлым әділ шешім шығару арқылы қылмысқа жол беріп, жаза басқан кінәлінің кесілген үкімнің әділдігіне көз жеткізуіне айрықша назар аударатынын аңғаруға болады.

Ондаған жылдар бойы сот саласында адал еңбек етіп, мамандығын қапысыз меңгерген Төкең әңгіме барысында маған соттың сот төрелігін жүзеге асыру, құқық бұзушыларға мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын мемлекеттік орган екенін, сот ісін жүргізудің өзіндік принциптері барын, атап айтқанда заңды қолдану кезінде адамның кінәсі соттың үкімімен заңды күшіне енгенге дейін ол адамның кінәсіз деп танылатынын, ешкімді де бір құқық бұзушылық үшін қайталап қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайтынын, сотталушының келісімінсіз ешкімнің оның заңда көзделген соттылығын өзгертуге болмайтынын, жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайтынын, егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауаптылық заңмен жойылса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылатынын, сот ісінің басқа да көптеген нәзік иірімдерін түсіндіруге тырысты.

Әрине бұрын-соңды сот саласының жұмысымен етене танысудың сәті түспегендіктен, Төкеңнің ортаға салған пікірлеріне әуестікпен ден қойып, біраз мағлұмат алғаныма көңілім тоғаюмен бірге бүгінде сот саласының ардагері атанып, абырой биігіне көтеріліп отырған Төлебай Әжібекұлының бұл бағыттағы жеке басының жетістіктерін де ризалықпен еске алуға болады.

Жоғарыда айтқанымдай, жергілікті жерлерде тәжірибе жинақтап, он бес жылға таяу мерзім бойы жергілікті жерлердегі сот саласының ыстық-суығына күйіп, әбден шыңдалып, өз саласының кәнігі маманына айналған Төлебай 1996 жылы республиканың Жоғарғы Сотына судьялық қызметке шақырылды. Осылайша сот саласының ең жоғары органына қызметке келгенде Төлебайдың жасы 40-та еді. Және ол сол кезде Жоғарғы Соттың ең жас судьясы болатын.

Содан бері де 30 жыл уақыт зымырап өте шығыпты. Биыл күзде Алла қаласа мерейлі 70 жасқа толғалы отыр. Өткен жылдарға көз тастап, «не тындырдым» деген сауалға жауап іздер болса, Құдайға шүкір дейтіндей із жатыр екен артында. Ең алдымен өз ісіне адал болыпты. Үнемі әділдікке жүгініпті. Оттың ортасында жүрсе де, ешкімнің обалына қалмапты.

Ұзақ жылдар атқарған әділ де адал ісінің өтеуі де болыпты. 2004 жылы Жоғарғы Соттың Құрмет грамотасын алса, 2005 жылы «Қазақстан Конституциясының 10 жылдығы» мерекелік медалімен, 2008 жылы «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен, 2010 жылы «Үш би» Құрмет белгісімен, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, 2012, 2015, 2020 жылдары I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, 2016 жылы «Судьялар Одағының құрметті мүшесі» Құрмет белгісімен, осы жылы «Құрметті судья» атағымен, осы жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды, 2017 жылы Алғыс жарияланды, 2018 жылы «Құрмет» орденімен, 2019 жылы «Сот жүйесінің ардагері» медалімен, 2021 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, 2022 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Бұдан бөлек Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Д.Малахов-тың Сот және сот қызметкерлері күніне орай жақында жолдаған құттықтау хаты және бар. Онда былай делінген:

«Құрметті Төлебай Әжібекұлы!

Сізді 24 маусым – Сот және сот қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз еліміздің сот жүйесінде абыройлы қызмет атқарып, әділет пен сот үстемдігін қамтамасыз ету жолында үлкен үлес қостыңыз. Жоғарғы Соттағы жауапты қызметіңіз арқылы құқық үстемдігі мен азаматтардың әділдікке сенімін нығайтуға зор еңбек сіңірдіңіз.

Көп жылғы еңбегіңіз, біліміңіз бен өмірлік тәжірибеңіз өскелең ұрпаққа үлгі, ал заң алдындағы адалдығыңыз бен әділ шешімдеріңіз – кәсіби шеберліктің айқын көрінісі.

Сізге зор денсаулық, отбасылық аман-дық, мол бақыт пен баянды ғұмыр тілеймін! Сіздің ұгі істеріңіз бен парасатты жолыңыз ел есінде әрдайым сақталады.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы
Д.Малахов».

Төкең екеуміз Оқжетпестің саф ауасына тоймай серуендеп, сан алуан әңгімелердің басын қайырып жүргенімізге де оншақты күндей болып, Көкшенің сұлу табиғатымен қимай қоштасатын уақытымыз да таяныпты. Осы мерзім ішінде мен білікті заңгер, білімді азамат Төлебайды және бір қырынан танығандай болдым. Ол Төкеңнің табиғатқа құштарлығы дер едім.

Біз ғой айналамыздағы сұлу көріністерге тамсана қарап тамашалаумен ғана шектеледі емеспіз бе. Ал Төкең болса құр тамсануды қанағат тұтпайды. Табиғатқа зерделей қарап, оны зерттеуге ұмтылады. Кейде қарағайлар мен қайыңдардың ұшар басына мойнын созып, иір-иір бұтақтардың неше түрлі көріністерін тамашалап, «қарашы билеп тұрғандай әсер қалдырады екен» десе, енді бірде көлде жүзген аққу-қаздардың қимылқозғалысын қадағалап, ұзақ тұрып қалады, тағы бірде талдардың арасында ойнақ салған тиіндерді суретке түсіріп әлек.

Орман ішін аралап ұзап кеткен кездерімізде кәнігі аңшылардай із кесіп, «қазір осы тұстан бұғы өтуге тиіс» деп, ерінбей-жалықпай, асықпай аңдып, ақыры бұғының бір тұстан жалт беріп, оқыс шаба жөнелгенін көріп, «айттым ғой, әне кетті» деп мәз болады. Бір күні мені бұл арадан едәуір қашықтағы Кенесары үңгіріне ертіп барып, баба әруағына Құран оқып қайттық. Қайтар жолда шаршап-шалдыққанымызға қарамастан, «бұлаққа соға кетейік» деп, бұл арадан қиыстау бір тұстағы жотаға соғып, мөлдір суға беті-қолымызды жуып, әрі қарай Абылай хан ставкасының ту сыртындағы биік қыраттың ұшар басына шығып, алыстан мұнартқан жоталар мен көлдердің қайталанбас көрінісіне тәнті болдық. Осыдан кейін мен Төкеңе «табиғат тамыршысы» деген атақ бердім.

Небәрі оншақты күн бірге болып, бейне бірнеше жылдан бері таныс адамдай тіл табысып кеткен абзал азамат Төлебай Әжібекұлы Қожан туралы әңгімемді аяқтай келе, жетпіс деген жасқа желе жетіп, керілген желкені 80, 90, 100-ге қарай толқындарды жара жүзіп бара жатқан кеме үстіндегі жолаушы Төкең мен қасында қаумалаған жан жары мен бала-шаға, немерелері мұрат-мақсаттарына жетіп, бақытты ғұмыр кеше берсін дегім келеді.

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстанның құрметті журналисі.
Астана қаласы

• ҚАЗЫХАН ӘШЕ 75 ЖАСТА

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫХАН

Осыдан екі жыл бұрын маған «ДТ-75» деп әзіл айтып желпініп жүрген, тілінің қытығы бар Қазыхан да 75-тің желкесіне мініп, екі құлағынан ұстап, тебініп келе жатыр. Ол жайлы әңгіме айтпас бұрын шағын сырды ашпасақ, сөзіміздің тұздығы жараспас.

1951 жылдың күз айы. Анасы ат үстінде толғатып, Қазыхан жайлаудан қыстауға көшіп бара жатқан жолда іңгәлап дүниеге келіпті. Мәми Ескендіұлы есімді нағашы атасы: «Жиенім ат үстінде дүниеге келді. «Тегін адам таз болмайды». Өмір бойы батырлар мен хандар жорықта атпен өткен. Бұл бала өзі Қазы, өзі хан болсын. Атын Қазыхан деп қоям», – депті.

Ерте заманда туса, бұл досымның хан болуы ғажап емес еді. Ал, Қазылығына келсек, ол жөнінде біраз жетістігі бар, бұл жағынан Қазыхан Әше ұятты емес. Әдебиетте, журналистикада, әсіресе, сатира мен юморда саңқылдаған дауысы бар. Бұл достың ауызы дуалы. «Қазыхан айтқан екен» деген әңгімелер көп. Көбінесе дөп айтады. Курстасымның жанында небір көріпкелдер айдалада қалады. «Өзін балшықтан суырып алып, адам қатарына қосқан Димекеңдей қасиетті жанды сыйламаған Назарбаевтың өмірінің соңы дұрыс болмайды» деген үлкен болжамға толы сөздерін еске алып, Қазыханға осы күнге дейін таңқаламын.



Лейтенант Қазыхан Ашинов

Қазекең Аякөзде орта мектепті бітіріп, Шұбартауда қой өсіретін комсомол-жастар бригадасын құруда ұрандатқан жас жігіттің бірі болғандығын көбіміз біле бермейміз. Сонан соң, сол кездегі Кеңес әскерінің айбынын асқақтатамын деп жердің түбі саналатын Камчаткаға аттанды. «Служба идет, солдат спит» деген болмады, жұдырықтай қазақтың өжет жауынгері белсенді болды. Сол кезде төсқалтаңда партиялық билетің болмаса, ертеңгі болашағың бұлыңғыр екендігін түсінген қалқан құлақ Қазыхан КПСС қатарына өтіп, үлкен шаруаны бітіріп тастады. Қарап жүрмей офицерлер даярлайтын курсты аяқтап, СССР Қорғаныс министрінің бұйрығымен лейтенант атанып, бөркін аспаға лақтырды. Досымыз әскери өмірін әрі қарай жалғастырғанда, ең кем дегенде, полковник шеніне жетіп, шегірткенің айғырындай шіреніп жүрер еді. Бірақ запастағы офицер журналистика саласын таңдады. Біздер 1973-жылдары сол кездегі атағы дүркіреп тұрған ҚазМУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға қабылданып, асығымыз алшысынан түсіп жүргенде Қазекеңмен танысып, ым-жымымыз бір болып кетті. Күн тәртібінде арамыздан елу студентке, «сен тұр, мен атайын» дейтін болашақ «классиктерге» староста сайлау міндеті тұрды. Деканымыз Марат Кәрібаев бойы кішкентай, өзі бір жапырақ Қазыхан Әшені ұсынды. Шынын айтар болсам, біз алғашқыда оны онша менсіне қойған жоқпыз. Онымыз бекер болып шықты. Сол кездегі жұдырықтай Қазыхан басына ноқта сыймай жүрген біздерді алғашқы сессияның өзінде-ақ мойындата білді. Республикаға есімдері танымал ақын-жазушылар Жәркен Бөдеш, Иса Ибрагим, Арасанбай Естенов, Айтқазы Байдәулет, Темірбек Мизамбеков, Темір Мыңжас және басқаларды бір шыбықпен айдады. Өзі кішкентай болғанымен, жүрегі үлкен әрі кең Қазыханды бәріміз жақсы көріп кеттік. Сол жылдары Түркіменстанға қарасты Красноводск облысынан екі жігіт бізбен бірге оқыды. Туысқан ағайындар староста Қазыхан Әшеновтің ерекше қамқорлығында болды. Шынын айту керек, көбіміз Қазекеңнің арқасында оқуымызды бітіріп,



Қазыхан Әше, жазушы сатирик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

қолымызға диплом алдық. Атақты профессор Темірбек Қожекеевтің қаһарына ұшыраған студенттің бірі менмін. Жерлес ағам болса да, менен емтихан алмай үш жыл бойы салпақтатып қойды. Сатып та ала алмайтын, атып та ала алмайтын Қожекеевтің тілін Қазыхан тауып, Мемлекеттік емтиханға үш күн қалғанда сатира-юмордан сынақ тапсырып, жанымның әрең аман қалғанын ешқашан ұмытпаймын.

Биыл мен 77 жасқа келдім, досым болса 75 жастың биік асқарына көтеріліп отыр. Сонау алыстап кеткен студенттік жылдардағы қалыптасқан әдеті бойынша Арасанбай Естеновке, маған үнемі қамқор болып, қорғап-қолдап жүрді. Біздің курстастарымыз Иса Ибрагимов пен Жәркен Бөдеш қайтыс болғанда Қазыхан досым ботадай боздап жылап тұрды...

Біздің дос ҚазМУ-де сырттай оқыған жылдары газетте, баспада, Қазақстан Жазушылар одағында жауапты қызметтер атқарып, үлкен абыройға бөленіп жүрді. Қылышынан қан тамған тоталитарлық Кеңес заманының өзінде «Солақай саясат» атты 33 томнан тұратын үлкен туындының құрастырушысы әрі редакторы атанды. Бұл кітаптарда жазықсыз жапа шеккен 25 000 адамның тағдыры сөз болады. Қазақстан Жазушылар одағында жауапты қызмет атқарып жүрген жылдары Тұманбай, Қалдарбек, Исрайыл ағаларымен, Жүрсін, Бекболат есімді замандастарымен Өзбекстандағы Сырдария, Мырзашөл, Ақ алтын, Фариж аудандарына барып, үш мәшине кітап таратып, 40 жыл үзіліп қалған байланысты қайта жалғап қайтты.



Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің бірінші курс студенттері, 1974 жыл

1991 жылы Пекиндегі «Ұлттар баспасымен» бірлесе отырып, Құлжа қаласында халықаралық көрме өткізіп, екі мыңнан астам қазақ кітаптарын Пекинге жіберді. Шекарадан бір кітап өткізбей жатқанда Қазыхан Әше жасаған бұл ерлікті ортамызда жүрген Слямхат Сейтхамза, Майқыбай Хасен ақсақалдар аузының суы құрып айтып жүрді.

Қазақстанда 1980 жылға дейін барлық санаторий-курорттар некелі адамдарды бірге қабылдамайтын. Қазыхан «Ара» журналында қызмет атқарып жүргенде «Бала-шағаңызды қалдырып келіңіз» деп аталатын өткір фельетон жазды.

Фельетон сол кездегі Қазақ ССР Компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың назарына ілігіп, ақиқатқа көз жеткізу үшін арнайы ат басын бұрып, демалушылардың жағдайын сұрайды.

– Дінмұхаммед Ахметұлы! Біздің қалай демалып жатқаныбызға көңіл бөлгеніңізге рақмет! Курортта бәрі жақсы, бірақ бір қызықтау жай бар. Шипажайда Құдай қосқан қосағыңмен демалуға рұқсат жоқ. Бөлек-бөлек келуден басқа амалымыз болмай тұр. Сол жағы қиындау, – деп «Ара» журналында көтерілген шындықты жайып салады.

«Патша болсаң – бол, бірақ халыққа жақын бол» деген осы болар. Димекең көп ұзамай-ақ тістеген жерінен айырылмайтын Қазыхан Әшеновтің фельетонын Орталық Комитеттің Бюросында талқылап, сол жылы күзден бастап, бүкіл Қазақстан бойынша санаторий-курорттар жаңұялық демалыс орындарына айналып, көп проблема өз шешімін тапты.

Қазақ сатирасын көкке көтерген Т.Қожакеев болса, оны жалғастырып келе жатқан Қазыхан екені даусыз. Сонау 1990 жылы Республика сарайына 1-2 сәуір күндері Кісі алдау күніне жиып, қала жұртшылығына сықақшылардың өнерін көрсетіп, «Бұл күнді бұдан былай Күлкі күні атайық, Кісі алдау күні осымен бітсін», – деген біздің Қазекең болатын. Иә, Қазыханның ауызы – дуалы. Республика үкіметтің қаулысынсыз-ақ 1 сәуір күлкі күні аталып кетті. Республикада барлық сықақшылар өз алдына әзіл-оспақ отауларын құрып алды. Сол жылғы алтын қорда С.Адамбеков, Т.Қожакеев, Қ.Ильяс, Е.Жаппас, Т.Кенеев, Ү.Уайдин, С.Түгел, А.Уайдин, Қ.Әшенің айтқан зілдері сақталып, халықтың рухани байлығына айналды.

Жасы 75-ке келсе де Қазыхан бауырым тыпыршып, үйінде тыныш отыра алмайды, бір игілікті іс тындырсам деп шапқылайды да жүреді. Үш жылдай ізденіп, еңбектеніп, тер төгіп, осыдан екі жыл бұрын үш томдық «Қазақстан сатириктерінің антологиясын» шығарды. Бір өзі бір ғылыми-зерттеу университетінің жұмысын атқарып тастады. Бүкіл болмысын қазақтың мүддесіне арнап, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Қазекеңе қалай риза болмайсың!

Қазыханның ақбоз аты топ жарып, бәйгеден келер уақыты алда. Қособадан Төлегенді атып түсірген Бекежан ортамызда жоқ. «Құлагерді» озып келгенде құлатқан Батыраштың да заманы өткен. Құдайға шүкір, Қазыхан Әшеге мемлекет тарапынан берген марапаттар да аз емес. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. 75 жастың төріне шығып отырған қаламы қарымды қаламгердің үлкенді-кішілі 75 кітабы жарық көрді. Оның сатиралық туындылары, терме мен әндері, жеке шығармашылық концерті өз алдына бір төбе! Ең бастысы, ғұмырлы бол, қаламгер! Еңбегің жансын! «Тауды алыстан көрсең, тақиясын көресің» деген. Сенің жұлдызыңның жанғанын көргім келеді. Қасыңда, жаныңда жүргендер сенің басыңда не барын қайдан білсін? «Е, өзіміздің күнде көріп жүрген Қазекең ғой» дей салады. Сен еңбектің адамысың, ізгілік пен жақсылыққа жақын жүресің. Небір асыл мен маржанды бойыңа жинаған асыл сандықсың. Ат үстінде туған қаз дауысты Қазыхан, ғұмырлы бол!

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының
иегері

(Соңы. Басы 1-бетте).

Шығармадағы негізгі тартыс – Таймас есімді кейіпкердің орта жастан асқан шағында әйелін тастап, жас тоқал алуға ниеттенуінен басталады. Бұл – бүгінгі қоғамда да жиі кездесетін әлеуметтік құбылыстардың бірі. Жазушы мәселені құрғақ насихатпен емес, әзіл мен мысқылдың күші арқылы жеткізеді. Таймастың ойын өзгерту үшін арнайы жолға шыққан Дайрабай мен Құрмаштың әрекеттері қазақы достықтың ерекше үлгісін көрсетеді. Олар досының кемшілігін дейміз бе, қателесуін дейміз бе, сыртынан сөз етпейді, қайта бетіне айтып, адасқан жерінен қайтаруға тырысады.

Шығармада тілдік ерекшелік те әзілқойлық пен кек сақтамайтын кеңдік шығармаға ұлттық реңк береді. Әсіресе ауыл ақсақалдарының сөздері мен диалогтары халықтық юмордың табиғатын дәл танытады. Әңгімедегі күлкі ешкімді қорлау үшін емес, шындықты айту үшін қызмет етеді. Мұндағы негізгі идея «атақ – адамның өзінен биік тұрмауы керек» деген ой. Егер қызмет адамды қарапайымдылықтан айырса, онда оның рухани жұтаңдауы басталады. Құлтай туған жеріне келгенімен, туған ортасының табиғи болмысынан алыстап кеткенін өзі де аңғармайды. Автор осы арқылы оқырманын ұлттық тәрбиеден қол үзбеудің маңызын еске салады.



Гүлсара БАЙДАНОВА,
әдебиеттанушы

КҮЛКІ АСТЫНДАҒЫ АҚИҚАТ

Туындыда әсіресе, Дайрабай бейнесі ерекше назар аудартады. Ұзақ жыл басшылық қызмет атқарып келген оның туған жеріне оралғаннан кейін де мансапқа әбден үйреніп қалған мінезінен арыла алмауы – шынайы суреттелген. Автор бұл мінезді әжуалау арқылы биліктің адам психологиясына әсерін де көрсетеді. Ал, Құрмаш болса – қарапайым халықтың табиғи болмысын сақтаған, сөзге шешен, ойы сергек кейіпкер. Екі мінездің қатар берілуі шығарманың композициялық тұтастығын күшейтіп, диалогтарды табиғи әрі әсерлі етеді.

Суреткердің тағы бір басты ерекшеліктерінің бірі – диалог құру шеберлігі. Кейіпкердің әрбір сөзі мінезді ашып қана қоймай, қазақ қоғамындағы қарым-қатынас мәдениетін, әзілдесу дәстүрін де айқын көрсетеді. Әсіресе шығармадағы «көке» сөзінің бірнеше мағынада қолданылуы ерекше көркемдік жүк арқалайды. Бір жағынан ол – құрметтің белгісі болса, екінші жағынан жағымпаздықтың символына айналған. Осы арқылы автор бүгінгі қоғамдағы жалған сыйластық пен мансапқорлықты өткір әжуалайды.

Күлкі – шығармада мақсат болмайды, бірақ күлкі арқылы адамды түзеу, ойландыру мақсаты алдыңғы қатарға шығады. Таймастың райынан қайтуы – моральдық жеңіс. Оның әйелін тастау ниетінен бас тартуы – достық сөзінің, ағалық ақылдың және өмірлік тәжірибенің жеңісі. Бұл тұста жазушы қазақ қоғамында ақыл айтудың ең тиімді жолы – бұйрық емес, әзілмен жеткізілген шынайы сөз екенін аңғартады.

Доқтырхан Тұрлыбектің тіл өрнегі де шығарманың көркемдік қуатын арттырып тұр. Автор жергілікті сөз қолданыстарды, халықтық мақалмәтелдерді, бейнелі тіркестерді табиғи қалпында пайдалана отырып, оқырманды оқиға ортасына еркін енгізеді. Әңгіме тілінің жеңілдігі оның идеялық салмағын кемітпейді, керісінше оқырманға терең ойды жеңіл жеткізудің үлгісін танытады.

«Дайрабайдың «көкесі» – қазіргі қазақ қоғамындағы отбасы құндылығы, достық жауапкершілігі, ұлттық мінез және мансап психологиясы туралы салмақты ой айтқан туынды. Жазушы оқырманын юмордың мүмкіндігін толық пайдалана әрі күлдіре отырып тәрбиелейді, ойландыра отырып қорытынды жасатады. Бұл – сәтті сатираның басты белгісі.

Сөйтіп, Доқтырхан Тұрлыбектің «Дайрабайдың «көкесі» – әзіл-сықақ жанрының мүмкіндігін кеңейткен, ұлттық юмордың табиғатын сақтай отырып бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін көтерген көркем туынды. Оның құндылығы – күлкінің артында үлкен өмірлік сабақтың, адамдық жауапкершіліктің және қазақы тәрбиенің жатқандығында. Осындай қасиетімен бұл туынды – қазіргі қазақ прозасындағы мазмұны терең, көркемдік қуаты жоғары әзіл әңгімелердің қатарынан лайықты орын алады.

Сондай-ақ, жазушының «Майор» әңгімесі де – бір адамның тағдырын суреттей отырып, тұтас бір кезеңнің психологиясын, қызметтің адам мінезіне қалай әсер ететінін және туған топырақтан қол үзген жанның рухани өзгерісін көркем бейнелейді.

Туындының негізгі кейіпкері – Құлтай. Ол әскери қызметте «майор» шеніне дейін көтерілген азамат. Алайда туған ауылына оралғаннан кейін бұрынғы қарапайым Құлтай емес, өзін өзгеден жоғары қоятын, орысша сөйлеуді мәртебе санайтын, әскери тәртіпті бейберекет кез-келген жерде қолданатын адамға айналады. Жазушы осы өзгерісті әсірелемей-ақ табиғи әрекеттер арқылы ашады. Құлтайдың «приказ береді», «майор айтты» деген қалыптан шықпауы – оның әскери қызметті өмір салтына ғана емес, мінезіне де айналдырып алғанының белгісі. Бұл – қоғамда кездесетін «мансап психологиясының» көркем көрінісі. Оның өзін өзгеден ерекше ұстауы – оқырманды күлдіргенімен, астарында ащы мысқыл жатыр.

Жазушының сатиралық шеберлігі – ауыл адамдарының бейнесінен де айқын байқалады. Олар Құлтайды бірде мақтап, бірде сыртынан күлкі етеді. Қазақы ортаға тән аңғалдық, бірден өзіне назар аудартады. Автор жергілікті сөз өрнектерін, қазақы қалжыңды, мақал-мәтелге жақын тіркестерді ұтымды пайдалана отырып, әңгімені шынайы өмірдің өзінен алынғандай әсер қалдыртып, диалогтардың табиғилығы кейіпкерлердің мінезін ашып қана қоймай, шығарманың динамикасын күшейтеді.

Ең маңыздысы, Доқтырхан Тұрлыбек бұл туындысында мансаптың адам болмысын өзгерту қаупін ғана емес, қазақы қарапайымдылықтың өміршеңдігін де көрсетеді. Ауыл адамдарының табиғи қалпы мен Құлтайдың «жасанды майорлығы» арасындағы қарама-қайшылық шығарманың негізгі тартысын қалыптастырады. Осы тартыс арқылы автор күлкі мен ойды қатар өрбітеді...

Доқтырхан Тұрлыбектің «Өлген жылым кейінірек жазылады...» атты әңгімесі – жинақтағы ең өткір әлеуметтік сатиралардың бірі. Бұл шығарма бүгінгі әдеби ортада сирек сөз болатын, бірақ бәріне таныс құбылысты, яғни жалған мадақ пен қолдан жасалған беделмәселесін көтереді. Автор жеке бір адамды емес, қоғамда қалыптасқан психологиялық ахуалды сын нысанына айналдырады.

Бұл әңгіменің композициялық құрылымы қарапайым болғанымен, идеялық салмағы ауыр. Экспозицияда оқырман жас ақынның айналасындағы әсіре мақтау мен орынсыз марапаттауға куә болады. Алғашында мұның бәрі қалыпты құбылыс секілді көрінеді. Алайда, оқиға өрбіген сайын мақтаудың шынайы өнерді емес, жалған беделді қалыптастыратын құралға айналғаны байқалады. Яғни, композицияның даму желісі сыртқы оқиғадан гөрі кейіпкерлердің сөздері мен әрекеттеріне негізделген. Жазушы тартысты қақтығыс арқылы емес, қоғамдық психологияны ашатын диалогтар мен ишаралар арқылы өрбітеді. Мұндай тәсіл шығарманың сатиралық қуатын арттырып, авторлық ойдың табиғи шығуына мүмкіндік береді.

Әңгіменің басты көркемдік тәсілі – ирония. Кейіпкерлердің мақтау сөздері сырттай «құрмет» болып көрінгенімен, шығарманың ішкі құрылымында олар ащы мысқылға айналады. Автор ешкімді ашық келемеждемейді. Керісінше, орынсыз дәріптеудің өзін сөйлетіп, оның күлкілі әрі қауіпті сипатын оқырманның өзіне аңғартады.

Сондай-ақ, туындыда «гротеск» элементтері де байқалады. Яғни, жас ақынды шектен тыс дәріптеу, оның аз ғана еңбегінен «ұлы құбылыс» іздеу – өмірдегі құбылыстың әдейі үлкейтілген көрінісі. Бұл әсірелеу шындықтан алшақтау үшін емес, керісінше, шындықты айқынырақ көрсету үшін қолданылған.

Автордың айтарлықтай тағы бір ерекшелігі – оның көркемдік детальды ұтымды пайдалана білуі. Әңгіменің атауына айналған «Өлген жылым кейінірек жазылады...» деген сөйлем кездейсоқ алынбаған. Бұл – бүкіл шығарманың идеялық кілті. Автор осы бір ғана сөйлем арқылы «жалған даңқтың» баянсыздығы, адамның өз атына өзі мас болу психологиясы және уақыттың бәріне төреші екенін ескертеді. Мұндай деталь шығарманың финалын есте қаларлықтай етіп, композициялық тұтастығын күшейте түседі. Әңгіменің тілі де сатира табиғатына сай. Жазушы ауыр публицистикаға ұрынбай-ақ жеңіл юмордың астына терең әлеуметтік ой жасырады. Сондықтан оқырман алдымен күледі, кейін сол күлкінің астарынан бүгінгі әдеби ортадағы ащы шындықты көреді. Яғни, бұл шығарманың көркемдік құндылығы – оның белгілі бір адамды емес, қоғамдық құбылысты нысанаға алуында. Әңгіме әдеби орта туралы болғанымен оның көтерген мәселесі тек өнермен ғана шектелмейді. Жалған бедел, орынсыз мадақ пен қолдан жасалған атақ қоғамның кез-келген саласында кездесетін құбылыс. Сондықтан шығарма – уақыттың шындығын бейнелейтін «әлеуметтік сатира» деңгейіне көтеріліп, оқырманын сүйсінтеді.

Ал, енді Доқтырхан Тұрлыбектің «Қарғалар неге қарқылдайды?» әңгімесіне келер болсақ, бұл – астарлы сатираға құрылған шығарма. Жазушы әңгімені күнделікті өмір көрінісінен бастап, бірте-бірте әлеуметтік ойға ұластырады. Композициялық тұрғыдан алғанда, шығарма шеңберлі құрылымға негізделген: басында оқырманды қызықтырған «қарға» образы соңында мүлде басқа идеялық деңгейде ашылып, әңгіменің тұтас көркемдік жүгін арқалайды.

Туындының экспозициясы қарапайым тұрмыстық ситуациядан басталып, автор оқырманды бірден өткір сынға жетелемейді. Керісінше, күнделікті әңгіменің табиғи ағысы арқылы оқырман назарын өзіне тартады. Бұл – сатирадағы психологиялық дайындық тәсілі. Осы қарапайым бастау кейінгі әлеуметтік тартыстың негізін қалайды. Оқиға өрбіген сайын әңгіменің композициялық шиеленісі күшейе түседі. Кейіпкерлердің әңгімесі арқылы қоғамдағы таныстық, жемқорлық, жауапсыздық, мансапқорлық секілді құбылыстар біртіндеп ашылады. Автор бұл мәселелерді публицистикалық ұранмен емес, кейіпкерлердің табиғи диалогы арқылы көрсетеді. Сондықтан шығармада өмір шындығы көркем шындыққа айналған. Әңгіменің ең басты көркемдік табысы – символдық образ. Автор қарғаны жай құс ретінде алмайды. Яғни, қарға – қоғамдағы рухани былғаныштың метафорасына айналған. Оның қарқылы – әділетсіздікке үнсіз көнген ортаның пайда үшін арын айырбастаған адамдардың үнін елестетеді. Осы тұрғыдан алғанда, әңгіменің атауы шығарманың «негізгі идеялық кілті» қызметін атқарады. Жазушы қарғаға кейіптеу элементтерін де дарытады. Қарғаның қарқылы жай табиғи дыбыс емес, қоғамдағы келеңсіздіктерге «пікір айтып тұрғандай» әсер қалдырады. Осы арқылы табиғаттағы құбылыс пен қоғамдық құбылыс қатар қабысып, сатираның көркемдік қуаты арта түседі. Тіпті шығармадағы ирония да сәтті қолданылған. Кейіпкерлердің кейбір сөздері сырттай қарағанда әзіл секілді қабылданғанымен олардың астарында ащы мысқыл жатыр. Автор ешкімді тікелей айыптамайды. Ол оқырманын күлдіре отырып, сол күлкінің астарындағы шындықты өзі тануға жетелейді. Бұл – Доқтырхан Тұрлыбек сатирасының басты ерекшеліктерінің бірі. Композициялық тұрғыдан алғанда, әңгіменің шарықтау шегі қарға бейнесінің символдық мәні толық ашылған тұсқа сәйкес келеді. Осы сәттен бастап оқырман әңгіменің қарға туралы емес, адам туралы, қоғам туралы екенін ұғынады. Ал, финалдағы қысқа әрі ұтқыр түйін шығарманың идеялық салмағын күшейтіп, оқырман санасында ұзақ сақталатын әсер қалдырады. Бұл – артық түсіндірусіз аяқталатын сәтті композициялық шешім. Жазушының тілінде де сатираға тән көркемдік тәсілдер мол ұшырасады. Диалогтардың табиғилығы, халықтық сөйлеу мәнерінің сақталуы, астарлы әзіл мен дәл таңдалған деталь шығарманың көркемдік деңгейін көтерген. Әсіресе қарға образының символға, ал оның қарқылының әлеуметтік метафораға айналуы – әңгіменің ең сәтті көркемдік табысы.

Қорыта айтқанда, «Қарғалар неге қарқылдайды?» – жеке бір оқиға туралы емес, бүгінгі қоғамның моральдық ахуалы туралы шығарма. Автор қарғаның қарқылын табиғаттың үні ретінде емес, қоғамның арұжданына қойылған көркемдік сұрақ ретінде ұсынады. Сондықтан, әңгіменің идеялық қуаты да, композициялық тұтастығы да осы символдық жүйеден бастау алады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынау: Доқтырхан Тұрлыбек юморының өзгешелігі – күлкінің сыртқы әсерінде емес, оның ішкі мағынасында. Жазушы ирония, астар, метафора, символдық деталь сияқты көркемдік амалдарды шебер пайдаланып, қарапайым өмір көріністерінен адам болмысының күрделі қырларын ашады. Ондағы ұлттық дүниетаныммен сабақтасып, қазақ прозасындағы сатиралық-юморлық дәстүрдің бүгінгі тынысын танытады. Сондықтан біз сөз еткен суреткердің шығармалары әдебиеттанушылық тұрғыдан да, көркемдік ізденіс жағынан да арнайы зерттеуді қажет ететін құнды туындылардың бірі деуге толық негіз бар.

Тараз қаласы

adilet-gazeti.kz



Сабыр СӘБЕКОВ

БІРІНШІ және СОҢҒЫ РЕТ...

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Бәріне кінәлі сенсің. Үйде қалдың. Кетер кезде есікті жауып кетпейсің бе? Ана кішкентай қыз қаннен-қаперсіз үйде отырды. Кімге сендің? – деп ұрсады.

«Мал ашуы – жан ашуы». Ол қыз мал емес қой! Екеуінің үздігіп қарап отырған аяулы қызы.

– Мен бұлай боларын қайдан білейін? Бұрын да кей-кейде өзін ғана қалдырып қоқыс тастауға шығушы едім ғой. Сағаң бара қаламын да, келе қаламын деп ойладым. Оны сенен кем жақсы көрмеймін ғой, жаным-ау! Өзің де көріп отырсың ғой, пойыз кешіккен жоқ. Бас-аяғы жиырма минуттың ішінде үйге келдік. Мен еш жаққа бұрылмай, бірден өзіңе бардым, – дейді шыбын жаны шырқырап.

Тыңдап отырмын. Жүрегім ауырып отыр. Аналардың жан күйзелісі маған да қатты әсер етті. Өстіп бірге қиналып отыра берейін бе, нақты сауалдарымды бере бастадым.

– Осы үйдің маңында бірге ойнайтын достар бар ма еді? Жақын достарыңнан келіп, кететін кімдер бар? Өзіңмен немесе әйеліңмен жақсы араласатын кісілер бар ма? Бар болса, кімдер?

Осы сауалдарыма екеуі де барынша жауап берді. Олар айтқан адамдармен өздері де сөйлесіпті. Тіпті олардың өздері де қиналып, қоса сабылып жүр. Біраздарын осы үйден ұшыраттым. Оның сыртында өз тарапымыздан да іздеу, сұрау салулар қоса қабат жүріп жатты. Әйтеуір бекер емес, артында ауыр қылмыс жатқандай көрінді. Отырып қайтқандарды да түгендедік. Әсіресе жас қыздармен қатынас жасап, сотталып қайтқандарға қатты мән бердік. Сондай кісілердің бірі менің әлгінде айтқан Русланов деген азамат. Оның бұрын сотталғанын білмейтін едік. Қыздың әкесі сонымен жақсы араласады екен. Ұлты өзбек секілді. Таза өзбек емес, аралас некеден туған адам. Сол үнемі келіп, кетіп жүреді екен. Сондықтан оны әлгі қыз жақсы біледі. Әкемнің досы деп ойлайды. Одан ешқандай қауіп күтпейді.

Әкесі Руслановпен дос екенін де айтқан. Осындайда ішкі түйсік дейтін болады ғой. Содан шығар, көңілім де оған деген бір күдік тұрды. Өзімен жеке сөйлестім. Әңгімесіне қарағанда сүттен ақ, судан таза. Дегенмен осыны жақсылап зерттеп білейікші, өзі қандай адам, немен айналысады деген оймен артына әдейілеп адам салдым. Сонымен ғана шектелмей, өмірбаянын тексеріп білсек, жас қызды зорлағаны үшін сотталған екен. Осыны білгеннен кейін көңілімдегі күдік қоюлана түсті. Азғындық әрекет – ең ауыр қылмыстың түрі. Онымен айналысқан адамдардың ойынан сондай істер кетпейтінін тергеуші болған соң жақсы білеміз. Әлгі азамат та бұл үйге жиі келеді екен. Қызбен бірге ойнайды. Екеуі жақсы сөйлеседі. Солай деп әкесі де, шешесі де айтып отыр. Әлбетте осыдан кейін бар ойымыз соған ауды.

– Қыз жоғалған күні үйге келіп па еді? – деп сұрадым әкесінен.

– Жоқ, ол күні келген жоқ.

– Өзің кетіп қалғаннан кейін келмеді ме екен?

– Ол жағын білмеймін.

– Келуі мүмкін бе?

– Ол жағын да айта алмаймын. Келсе, келуі. Өйткені жиі келіп жүрген үйі емес пе?

Осылай екі-үш күн өтіп кетті. Мені облыстағы басшыларым тез келіп кет деп шақырып, жолға шығып бара жатқанымда орынбасарыма, ол орыс жігіт еді, соған: «Сен ана Руслановты шақырып алып сөйлесші, мен келгенімше өз кабинетіңнен шығармай ұста. Өзің ғана сөйлес, басқа жігіттер әңгімеге араласпасын. Мен келген соң жөндеп сөйлесеміз», – дедім.

Сағат ондар шамасында кетіп едім, ондағы шараларды бітіріп қайтып келгенімше кешкі сегіз болды. Келсем, бар жағдай тура мен тапсырғандай болыпты. Орынбасарым Руслановты бөлмесінен шығармай ұстап отыр екен.

– Иә, не болды? – дедім.

– Ештеңе айтпады.

– Онда қазір менің бөлмеме алып кел, – дедім де, ішке кіріп костюмімді іліп қойдым.

Осы жерде болған жағдайды болғандай етіп айтайын. Себебі, бұл менің тергеушілік өмірімдегі ерекше оқиға. Бір істің барысында кісіге қол жұмсап көрмеп едім, осы жолы соған бекіндім. Бекінсем, бекінетін-ақ жағдай. Шыбын жандары шырқыраған әке мен шешенің жан күйзелісі, күңіренісі мені сондай ахуалға жеткізді.

– Иә, Русланов, сен қазір не болғанын өз еркіңмен жасырмай айт, – дедім қабағымды түйіп.

– Нені айтамын? Менің еш қатысым жоқ. Ол менің досымның қызы. Оны жақсы көремін, қызымдай жақсы көремін, – дейді жыпылдап.

– Жақсы көресің. Жақсы көргеннен кейін өлтірдің, солай ма?

– Жоқ, менің қатысым жоқ, – дейді күнәдан пәк пенде секілді.

Сол – сол-ақ екен, ары қарай аузын аштырмай сол жағынан құлаштап ұрдым. Қисайыңқырап барып түзеліп, отырған кезде орынбасарым бүйірінен үлкен аяғымен ыңқитып бір тепті. Ауырсынып біраз отырды. Енді түзелген кезінде:

– Ал, азамат, енді шыныңды айт. Біз бәрін біліп отырмыз. Соны тағы да ұрып-соғып айттырмай тұрған кезіңде өз аузыңмен әңгімеле. Кәне, айт! – деп тағы да орнымнан тұрып кеттім. Бәрібір қасарысып айтқысы келмеді. Одан кейін аянып қаламыз ба, қылмыскер нақ өзі екеніне көзіміз анық жетті. Ал, кеп, ұрып-соғайық. Тістеніп отыр, бірақ қашанға дейін тілін тістеп отырады? Біздің айттырмай қоймайтынымызды білді өзі де, бүйтіп ауыр тепкі мен қатты соққының астында отыра бергенше, айтарымды айтып тынайын деген шығар, сағат тілі он екіге барған кезде аузы ашыла бастады.

– Мен істедім, – деді басы салбырап.

– Сен істегенің бесенеден белгілі. Ал, енді қыздың өлігін қайда тастадың?

– Ломоносов мектебінің әжетханасында жатыр, – деді. Солай деуін десе де, осы қу бізді алдап отыр ғой деп сенгім келмеді.

– Қазір алып барамыз, көрсетесің бе?

– Көрсетемін.

Оның сол сөзін естіген соң кезекшілікте отырған жігіттерге хабарласып, әлгі мектепке жібердім. Олардың баруы да, қайтуы да тез болды.

Мен сұрағанымша:

– Сонда жатқаны рас екен, көйлегі мен көміліп жатыр, – деді олар.

Осы сөздерін естіген соң прокуратураның кісілеріне хабарластым. Олардың кісісі келемін дегенше түнгі бір болды. Байқаймын, бұл қалайша болды деген сыңайлы көзбен қарап тұр. Енді оған мәселе осылай болды. Мына азаматты таңның атысынан бері ұстадық, ұрдық-соқтық, азаптадық деп айта аламыз ба? Ана қылмыскердің басы кеткен салбырап.

– Мынау қыздың әкесінің досы екен. Үйіне үнемі барып тұрған. Қыз бұны бұрыннан жақсы біледі. Бір жаққа барайық, қайтып келеміз деді ме екен. Әйтеуір өзі жақсы білетін үлкен кісі болған соң, ілесіп жүре берген. Бұл оңбағанның тірлігі мынау. Айтқанына онша сенінкіремей жігіттерді жіберіп тексертіп едім, әжетханасына тастап сонда жасыруға тырысқаны рас болып шықты.

– Кәне, бірге барып көрейік, – деп, ана оңбағанды да қолын кісендеген күйі өзімізбен бірге ала шықтық. Бардық, көрдік. Жаңадан салынған мектептің жаңа әжетханасы ғой, сонда сүңгітіп жіберемін деп ойлаған. Сөйтсе, оған батырып жіберетіндей боқ жоқ екен. Бетінде жатыр...

Қандай қылмыс болсын бірден жасала бермейді. Мынау да сондайдың санатында. Үнемі барып жүргенде, тосырқамайтындай қарым-қатынас жасап, қызбен жақындаса берген. Анасының бір жаққа кеткенін біледі. Қашан оралатынын да естіген. Соның сәтін күтіп жүрген ғой.

Енді Руслановтың өзін тыңдасақ:

– Келсем, есік жабық екен. Нүктесін басып шырылдатып едім, менің дауысымды естіген қыз «сіз екенсіз ғой» деп есікті ашты. «Сен менімен бірге бір жаққа барасың ба?» деп едім, «барамын» деп қуанып кетті. Елдің көзінен таса жерге апардым. Әлгі мектепке жақын жер... Осындай оқиға болды. Мен бір жаманшылық жасадым, кешіріңіздерші, – деді қайта-қайта.

Сонымен Сарыағашты шулатқан ауыр оқиға ашылды. Бас-аяғы үш-төрт күннің ішінде аштық оны. Ауыр қылмысты жасаған қылмыскер өзі мойындады дейміз бе, қалай? Мына жазбаны оқып отырып оның өзі мойындамағанын біліп отырсыз. Біз амалдың жоқтығынан, атқаратын қызметіміз солай болғандықтан, қатты қыспаққа алсақ та, әйтеуір өз аузымен айттырдық. Бүлдіршіннің мәйіті қайда жатқанын өзі айтты. Артынан өзін алып барып, көзінше тастаған жерінен алдырттық. Қарап отырсам, мұндай оқиға, адам өлтірген ауыр қылмысты жасау оқиғасын қылмыскердің өзі артынша мойындау оқиғасы сирек кездесетін жағдай екен.

Түнгі үштің кезінде қызмет орнымызға қайтып оралдық.

Келе жатқанда мына қылмысты жасаған адамның дәл осындай басқа да қылмыс жасауы мүмкін-ау деген ой келді. Сол сәт есіме өткен жылғы жаздағы бір оқиға оралды. Аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірінің Ильич деген бөлімшесінде қашарда қарауыл боп істейтін кісінің қызы жоғалған. Бесіншіні бітіріп, алтыншыға көшкен қыз. Біз оны өлді деп емес, жоғалғандардың қатарына қосып іздеп жүргенбіз. Уақыт оза берген сайын ондай қылмыс та ескіре береді. Өйткені басқа да қылмыстар алдыңды орағытады. Мына бүлдіршін қыздың өлімі еріксіз соны есіме түсірген сияқты.

– Әй, Русланов, сен тазарған соң дұрыстап тазар. Екеуіміз соған келісейік. Сен өткен жылы жазда не істегеніңді ұмытқан жоқсың ба? – дедім бір нәрсені анық білетін адам сияқты түрмен. – Тамыз айында сен дәл осындай қылмыс жасадың. Оның қандай қылмыс екенін айтпай-ақ қояйын.

Сол сөзімді естіген ол басын ұстап отырды. Мен де не дер екен деп үндемей артын бақтым. Қашанғы отырайын:

– Сен бізді ақымақ деп ойлама! Біз бәрін білеміз. Алайда асықпай артын күтіп жүр едік. Мына жағдай себеп болды. Енді саған шегінетін жер қалмады. Дұрысы, бәрін өз аузыңмен баяндап бер, – дедім шүйіліп.

Шынына келсек, ол қыздың өлі, не тірі екенін білмейміз. Әке-шешесі байқұстар жылап-еңіреумен жүр. Қайта-қайта бізге келеді. Біз де құр отырған жоқпыз, бірақ бір ұшығын ұстай алмай әлекпіз.

Енді міне... Азғындаған ер адамдар жасайтын әрекеттің бірі соның шетін шығарғандай болды. Менің жүрегімде бір үміт оты тұтанғандай болып, екі қолымен басын ұстап отырған қылмыскерге қадалып отырмын. Анау қозғалақтады. Е, қазір өзің-ақ айтатын болдың ғой дедім ішімнен. Дәл солай болды. Әлгі азғын неме «Оны мен жасадым, көрсетіп берейін» деді.

Бұл түнгі төрттердің кезі. Прокуратураның кісісі үйіне кеткен еді. Телефонын тексем, төсегіне жата қоймапты.

– Жатпағаның жақсы болды ғой. Мен аша алмай жүрген тағы бір қылмыстың шетін шығардым. Қазір кел, бірге барайық, – деп шақырдым.

– Ой, Сәке, мынау қызық болды ғой! – деп келгенше таң бозамықтанып ата бастады. Айналада шегіртке шырылдап, елдің қозғалысы көбейді. Біз әлгі азғынды торлы терезенің арғы жағына отырғызып, машинамызбен Ильичке қарай тарттық.

Жаз – шаруа науқаны. Ел ерте оянады. Қашарда отырған қарауылдың үйіне барсақ, олар да күйбең тіршілігіне кірісіп кетіпті. Бізді көріп, үрпиісіп қалды.

– Неге келдіңіздер? Бір жаңалық бар ма? – деп жатыр қыздың әкесі. Ол кісіні талай көргенмін, жақсы таныспыз. Бұрын да білетінмін, бір қораның айналасында жетісегіз отбасы тұрады. Балаларына дейін аулаларында жүр. Бәрінің назары бізге ауған. Бірақ біз ештеңе демедік. Қыздың әкесіне ғана бізбен бірге жүруіңіз керек деп ертіп алдық. Сол жүрген бойы қораны айналып бір бұрышындағы шөп турағыштың жанына бардық. Қолы кісендеулі азғын қасымызда.

– Міне, мына жерде жатыр, – деп иегімен көрсетті.

Қарасақ, шынында көйлегімен жатыр.

Не нәрсе туралы сөз болғанын анық білмесе де, қыздың әкесі жұлқынып шықты. Енді ол кісінің жағдайын түсінуге болады.

Прокуратураның тергеушісі оқиғаның болған жерін асықпай көріп жүр. Зорлап, өлтірген қызды осында тыққанына көзі анық жетті.

Енді сүйегін болса да алуымыз керек қой. Соның әрекетімен болып жатқанымызда қыздың шешесі талып құлады.

Жаманшылық жатпайды екен. Қалай құлақтанғанын қайдам, жан-жақтан қолдарына айыр, күрек ұстағандар көрінді. Ашулары асқынған. «Қызымызды өлтірген хайуанды хайуанша өз қолымызбен паршалап өлтірейік» деп айқайлап келеді. «Әй, қырғын болмаса жарады. Не істейін?» деп, екі қолымды аспанға көтеріп қарсы жүрдім. Әйтеуір тоқтаттым-ау! Азды-көпті жинаған беделімнің арқасы шығар, бәрі топтанып тұрып қалды.

– Ағайындар, әйтеуір таптық қой. Қылмыскерді де ұстадық. Оның өзі көрсеткеніне куә болдыңыздар. Не өлі, не тірі екенін білмей қаншама айлар әлектеніп сарсылғанымызды да жақсы білесіздер. Ал табылмай қалса, онда қайтер едік?

– Сіздер ақылға келіңіздер. Сабыр сақтап, соңын күтейік. Қылмыскер жазасыз қалмайды. Жазаланғанда да, қылмысына орай қатты жазаланады. Өмірлікке қамала ма, жоқ, ату жазасына бұйырыла ма, әйтеуір көресісін көреді, – дедім.

Деуін солай десем де, ашу-ызаға булыққан адамдарды басу оңайға түспеді. Ботадай боздап жылаған әйелдер. Жоқтау зарын тоқтаусыз айтқан анасына қарап тұру мүмкін емес. Ер кісілер де булыққан ашуларын баса алмай әлек. Тіпті кейбірі қылмыскерге қарай қолындағы айырын ала ұмтылады.

Қойшы, сонда елдің мені білетіні бар, қалай ұйқысыз түн өткеріп, қабағым қалай қырыстанғанын көргені және бар, әйтеуір саябырлай бастады. Бәрі түсінді. Егер менің орнымда әлдекім болса, Құдай біледі қалай боларын...

Жан шіркін тәтті ғой. Ашуға булыққан ызалы елдің түрін көріп ана қанішердің өзі қашқақтап, біздің қалқамызға тығылды.

Сол жерде оны өлтіріп тастаса да, ешкім неге өйттің демес еді...

Қойшы, не керек, араға айлар салып, жаздан кейін күзді, күзден кейін қысты өткізіп, көктемнің көкөзек шағында қыздың сүйегін алып ауданға қарай кеттік.

Осылай бір күн, бір түнде екі бірдей қызды өлтірген ауыр қылмысты аштық. Талай жыл ішкі істер саласында табандап қызмет істедім. Ол жұмысқа жап-жас маман кезімде кірісіп едім. Кейін өз саламыз бойынша өстік, академияның бітірдік. Екінің бірі істей бермейтін үлкен қызметке қолым жетті. Полковник шенін алдым. Зейнет демалысына шыққаныма да көп жыл өтті. Мақтанғаным емес, дәл осындай қылмысты ашқан бір әріптесім туралы естімеппін. Мәселе санында емес, уақытында! Бір күн, бір түнде азғындық қылмыс оқиғасын ашқан мысалды білмейді екенмін.

Иә, бұл бір сөзім. Екінші айтарым, ол қылмыскерлерге қарсы тергеу кезінде күш көрсету жағы. Оны неге айтып отыр дейсіздер ме?

Қылмыстың да қылмысы бар. Бірақ ешбір қылмыскер мен соны жасадым деп өзі өз бетімен мойындай қоймайды. Сондай сәтте, мен мұны өте ауыр қылмыс жасаған азғындарға қаратып айтамын, оларды мойындату оңай емес. Солардың кейбірі тергеушінің өзін басынып, кекетіп, мұқатып отырады. Оның қылмыскер екені айдан анық болса, оған аяушылық жасауға бола ма?!

Мәселен әлгі он екіде бір гүлі ашылмаған екі қыздың қасіретті өлімі кезінде өз басым өмірімде бірінші рет күшке жүгіндім.

Бірінші және соңғы рет...

Енді қылмыскермен адамша сөйлесіп отырып та қылмысты ашуға болады. Менің ендігі әңгімем сол туралы.



ЖОЛ АШҚАН ЖЫЛЫ СӨЗ

Сарыағашта Шеңгелді деген станция бар. Ташкентке апаратын темір жолдың бойында орналасқан кішкентай ғана ауыл өзі. Сол ауылда бір орыс азаматын өлтіріп кетіпті деген шұғыл хабар келді. Ауыр қылмыс болды деген жердің бәріне өзім баратын едім, сол әдетім бойынша тез арада топ құрдым. Мен мінетін автокөлікке сыймаймыз. Енді не істеу керек? Аудандық бөлімнің ескі «ГАЗ-51» машинасы бар болатын, мәйітті салып алып келу үшін соны алдық.

Ауылдың ортасында от жағатын орын – кочегарка бар екен. Темір жол вокзалы мен айналасындағы төрт-бес үйді жылытады. Барсақ, тура соның жанында өліп жатыр. Жарақаты басынан, әсте балтамен шабылған секілді.

«Ұрыста тұрыс жоқ» демекші, әдейілеп келген ісіміз сол болған соң бірден жұмысқа кірісіп кеттік. Ондайда әуелгі мәселе кім, қандай адам екендігі жөніндегі сұрастырудан басталады. Кіммен сөйлессек те осында от жағушы болып істейді, ішінде қонады, кей күндері жоқ болып кетіп, одан кейін қайта көрінеді дейді. Әлгі кісілер аты-жөнін де айта алмады. Жатады деген бөлмесіне барып, бір бұрышта ілулі тұрған киімдерін ақтарып жатып құжаттарын тауып алдық.

«Бұл кісіні ең соңғы рет кім көрді?» деп сұрастыра жүріп, оны да біліп алдық. Бір орыс кісі екен. Екеуі бірге арақ ішеді. Не дер екен деп сөйлессем: «Ішкеніміз рас, одан кейін мен кетіп қалдым, – дейді. – Одан соң қайтып келсем, міне осы жерде өліп жатыр».

Ол осылай деп қиналған түр танытады.

Одан басқа оны көрдім, білдім деген кісі шыға қоймады. Уақыт болса білдіртпей өтіп жатыр. Таңертең келген едік, қарнымыз әбден ашты. Қалдырып кетуге болмайды. Ана азамат өліп жатыр. Ал біз қайткенде де қылмысты ашуымыз қажет. Ол өмірде қандай адам болғанын білмейміз. Жақсы адам ба, жоқ жаман адам ба – бәрібір, біз үшін ол жазықсыз құрбан, қалай өлгенін, кім өлтіргенін ашуға тиіспіз. Мәйітті одан ары жатқыза беруге болмайды, бұзылады. Сол үшін өз машинамды ана жігіттерге қалдырып, асықпай істі бітіріп қайтыңдар дедім де, өзім «ГАЗ-51»-дің руліне қылмысты іздестіру бөлімінің бастығын отырғызып, өзім кабинада қасынды отырдым, ал мәйітті бортына салдырып, ана орысты сонда отырғыздым да, қайдасың райотдел деп жолға түстік. Даңғыраған асфальт жол ғой, екеуміз ана-мына әңгімені айтып келе жатып байқамаппыз, бір кезде көзім түсіп кеткенде моторы қызып, суы қайнап бара жатқанын байқап қалдым.

– Әй, сен өзі бұрын машина айдап машықтанып па едің? – дедім оған.

– Енді айдап жүрміз ғой, – дейді ол.

– Жүргізушілік праваң бар ма?

– Бар, жолдас бастық.

– Ендеше алдыңдағы ана аппаратқа қарамайсың ба? Судың қызуы көтеріліп кетіп барады, кетіп барады, – десем, бетіме қарап:

– Бұған не болды? – дейді.

– Мен қайдан білейін не болғанын. Сен шопырсың ғой, білуге тиіссің. Кәне, тоқтат, – дедім бұйырып. Ол кілт тоқтатты. Жерге түстік. – Енді капотын ашып көр, не болғанын білейік.

Капотын ашты. Үстіне шығып біраз қарады да:

– Ештеңені байқамадым. Бәрі дұрыс қой, – деді.

– Әй бұл тегін емес. Кәне мен көрейінші, – деп үстіне шығып қарасам ремені үзіліп кетіпті. – Мынаны көрдің бе? – дедім.

– Ойпырмай, ә! Мен оны қалай көрмедім, – дейді күліп.

– Міне, осыдан кейін машинаның суы қайнамай қайтсін?! – деп, арлы-берлі ағылған машиналарды тоқтатуға кірістік. Енді аудан өзіміздікі емес пе, әйтеуір біреуінен ремен табылып, оны берген жүргізуші мен басқалар көмектесті. Осылай амалсыз отызқырық минут уақытты өткіздік.

Бір жақсысы күн жадырап тұр еді. Мезгіл көктемнің кезі болатын. Дала жап-жасыл түске еніп, кей жерлер гүлге оранып тұр. Аспан көкпеңбек. Айнала тып-тыныш. Ауаны рахаттана сіміресің. Енді бір тамаша жағдай, осы жаның рахаттанады.

Бірақ солай екен деп табиғатты қызықтап тұра бермейін деп әлгі орыстың жанына отырдым. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан ініне шығады» демекші, осымен жақсылап сөйлесейінші деп сөзге тартуға кірістім.

– Әй, Иван, – дедім жәймен сырласқан кісідей. – Қазір екеуің ғана кузовта келе жатырсыңдар. Сен кеше ғана қатар отырып арақ ішкен мына азаматты ойлайтының сөзсіз. Өйткені екеуіңнің ең соңғы рет бірге болғандарыңды көрген кісілер де айтты. Бізді ақымақ дей көрме, ішіміз сезіп отыр, осының әжалы дәл өзіңнен болды. Жақсылап ойланшы, сөйтіп қалай болғанын өзің айт. Әйтпесе қазір бөлімге барамыз. Темір тордың ішіне қамаласың. Бәрібір саған шыныңды айттырамын. Онсыз босатады екен деп ойлама, – десем, «жо-жоқ, менің түк қатысым болған жоқ» деп өзіне жуытқысы келмейді. Бұл қай қылмыскердің де әуелгі тәсілі. Солай құтылып кетемін деп дәмеленеді. Ондайлардың мыңын демесем де, әйтеуір талайын көрдім ғой. Өмірлік кәсіби тәжірибе баршылық. – Сол ауылда өзі екі-ақ орыс едіңдер. Басқа күдік алатын бір пенде жоқ. Сонда кімнен көреміз? – десем тағы да илікпейді.

Содан әңгімені табиғаттың тамаша екендігіне қарай бұрып едім, ол да араласа бастады. Сайраған құстарға қызықты. Аңқыған жұпар иіске тамсанды. «Еркіндік деген ғажап қой» деді. Сөйтіп, он жеті жыл түрмеде отырғанын айтып қалды. Екеуміздің сөзіміз үйлесті. Өзімен тең көріп тілдескенім жүрегінің қылын шертіп кетсе керек, бір кезде:

– Товарищ начальник, – деді салиқалы жүзбен қарап. – Сіз дұрыс адам екенсіз. Егер солай болмасаңыз, бір ауданның ішкі істер бөлімінің бастығы болып астыңыздағы мініп жүрген қызмет көлігіңізді тастап кетпес едіңіз. Қараңызшы, салдырлаған ескі машинада келе жатырсыз. Өзі суы қайнап жарты жолда тұрмыз. Осыны кім жасайды? Бізбен бірге келе жатырсыз. Өлікті алып келе жатырсыз. Түсіне білген адамға осының өзі-ақ өзіңіз жөнінде жақсы ойларға жетелейді емес пе?

– Енді менің бастық атым болмаса, өздерің секілді адаммын ғой, – дей бастап едім, сөзімді киіп кетіп:

– Әңгіменің төтесі, мен ешкімді қинағым келмейді. Сізді де, өзімді де, – деді ашығына көшіп. – Маған жарты бөтелке бірдеңе тауып беріңіз, көңілімді көтерейін.

Сол сөзін естісімен ременді ауыстырып жатқандарға айтып едім, біреуінің бардачогында жарты бөтелкедей вино бар екен, тез алып келді. Оны көрген сәтте көзі оттанып шыға келді. Толтырып құйылған стакандағыны аяғына дейін тоқтаусыз сіміріп салды. Бөтелкенің түбінде кішкене қалған екен, соны да құйдыртып ішті де:

– Қазір барған соң мен бәрін жазып беремін. Ал оған дейін не болғанын естігіңіз келсе, айтайын: ол екеуміз оған дейін де бірге арақ ішіп жүргенбіз. Әйтеуір сол күні бірдеңеге келісе алмай ерегісіп қалдық. Әбден жынымды келтірді. Содан өзімді өзім ұстай алмай балтаны ала салып басын шаптым да, балтаны лапылдап жанып жатқан отқа апарып лақтырып жібердім, – деді ақтарылып.

Біз сол балтаны да іздеп едік. Оның қайда екенін өзі айтты. Ағаш сабы жанып кеткен болар. Тіпті темір балтаның өзі оттың қызуына шыдамай еріп кетуі де мүмкін ғой. Бәрін өзі мойындап отыр, енді оны іздеудің керегі де жоқ.

Сонымен ғимаратымызға келісімен прокуратураның тергеушісіне қоңырау шалдым. Кешіктірмей жетті. Алайда күдігін жасыра алмай «айнып кетсе, қайтеміз?» дейді.

– Жоқ, ол енді айнымайды. Сол айтқан сөзінде тұрады. Екеуміздің келісіміміз солай, – дедім.

Расында дәл солай келіскен едік. Ол виноны ішіп болғаннан кейін болған оқиғаның бәрін айтты. Тыңдап біткен соң, «енді осы сөзің – сөз ғой» дегенімде, «ол жағына жауап беремін, жолдас начальник» деген. Сол сөзін малданып жігіттерге бар жағдайын жасаңдар, қинаушы болмаңдар деп ескерттім.

Әлбетте әлгіндей жағдайдан кейін көп ұстаған жоқпыз. Қылмысына сай тиісті жазасын алды. Әкетер кезінде әдейілеп барып жолықтым. Ешқандай өкінішсіз жайма шуақ көңілін көрсетіп:

– Спасибо начальник! – деді.

Оның сол сөзі маған қатты әсер етті. Бір жағы солай кетіп бара жатқанына өкінгендей күйде тұрдым...

КИБЕРСПОРТ СПОРТҚА ЖАТА МА?

Спорт дегенде көз алдымызға бірден не елестейді? Тер төгіп жүгірген жүгіруші ме, әлде күшін сынап жатқан балуан ба? Ал енді қолында джойстигі бар, экранға тесіле қараған жасөспірімді спортшы деп айта аламыз ба? Бұл сұрақ маған бей-жай емес, себебі биыл Астанада өткен «Болашақ ойындары – 2026» осы мәселені жаңа қырынан қойды.



12 күнге созылған бұл алапат шара – жай ғана тағы бір турнир емес. 800-ден астам спортшы, 50-ден аса ел, жүлде қоры 4 миллион АҚШ долларынан асатын жарыс. Сандық пен нақты спортты біріктіретін 8 бағыт бір алаңға жиналды. Осындай ауқымды шараның Қазақстанда өтуі мені мақтаныш сезіміне бөледі. Алайда мақтанышпен қатар, ойымда бір сұрақ қалды: біз мұны шын мәнінде спорт деп қабылдап отырмыз ба, әлде дәстүрлі спорттың сыртынан желеу боп тұрған қосымша көрсету ме?

Спортты спорт ететін не? Менің түсінігімше, ол – тәртіп, төзімділік, жаттығу, бәсеке және жеңіске деген ұмтылыс. Ал енді осы белгілердің барлығы киберспортта жоқ дей аламыз ба? Әлемнің үздік командалары – Team Spirit, T1, Team Falcons секілді атаулар күні-түні жаттығып, психологиялық қысымға төтеп беріп, командалық үйлесімін жылдар бойы шыңдап келеді. Олардың бармақ пен саусақ қимылы секундтың жүзден бір бөлігіне есептеледі, реакциясы шынайы спортшынікінен кем түспейді. Дене шынықтыру жоқ демекпіз бе? Бірақ дене шынықтыру спорттың жалғыз өлшемі емес. Шахматты да біз спорт деп танимыз ғой, онда да негізгі күш ақыл-ой мен шоғырлану.

Дегенмен, мұны толықтай дәстүрлі спортпен теңестіру де асығыстық болар еді. Себебі футболда доп бар, жарыс алаңы бар, ал экранның арғы жағында компанияның сервері бар. Ойынды өзгерту, жаңарту толықтай ойын жасаушылардың қолында. Бүгін бар дисциплина ертең жоғалып кетуі мүмкін. Мұндай тұрақсыздық спорттың классикалық түсінігіне қайшы келеді. Сондықтан «киберспорт – толықтай спорт» деп бір ауыздан айту да, «ол мүлде спорт емес» деп теріске шығару да қате болар еді.

Мен үшін «Болашақ ойындары» дәл осы екіұдай көзқарасқа жауап бергендей болды. Ұйымдастырушылар киберспортты дәстүрлі спорттан бөліп қоймай, керісінше «фиджитал» деген жаңа форматта біріктірді, алдымен виртуалды аренада, содан кейін нақты алаңда, татамиде, футбол алаңында сынасады. Бұл болашақтың бір белгісі емес пе? Дене мен ақыл-ойды, цифрлық пен физикалық әлемді бір жарыста ұштастыру. Мүмкін, біз «спорт па, спорт емес пе» деген ескі сұрақтың орнына жаңа сұрақ қоюымыз керек шығар: болашақ спорты қандай болмақ?

Бала кезімде компьютер ойынын «уақыт өткізу» деп қана санайтынбыз. Ал бүгін сол «уақыт өткізу» миллиондаған долларлық индустрияға, әлемдік аренаға айналды. Астанада өткен осынау шара біздің елдің де осы жаңа әлемнен қалыс қалмай отырғанының дәлелі. Балаңыздың қолындағы джойстикке күлкімен қарамай, оның артында қандай тәртіп пен еңбек жатқанын ойлап көріңіз.

Киберспорт спортқа жата ма деген сұраққа мен әлі толық жауап бере алмаймын. Бірақ бір нәрсеге сенімдімін: спорттың анықтамасы тасқа қашалып қойылған жоқ. Ол өмірмен бірге өзгеретін ұғым. Ал бүгін ол өзгеріп жатыр. Дәл біздің көз алдымызда.

Нұрдәулет АЛЕКУЛ,
ЕҰУ-нің студенті



БАПКЕРДІҢ ТАҢДАУЫ КІМДЕРГЕ ТҮСТІ?

Қазақстан ұлттық құрамасының кеңейтілген құрамы жарияланды

Ел құрамасының су жаңа бас бапкері Джон ван 't Шкиптің УЕФА Ұлттар лигасының алғашқы матчтарына қай футболшыларды шақырғаны белгілі болды, деп хабарлайды inbusiness.kz сайты.

Жаза кетейік, 26 қыркүйек күні Қазақстан құрамасы УЕФА Ұлттар лигасы аясында Фарер аралдарына қарсы сырт алаңда қарсылас атанады. Ал 29 қыркүйекте команда тағы да сырт алаңда Словакиямен күш сынаспақ. 2 қазанда "Астана Арена да" Молдованы қонақ етсе, араға төрт күн салып Фарер аралдарына қарсы матч күтіп тұр.

Ұлттық құраманың кеңейтілген тізіміне 41 футболшы енді:

Қақпашылар: Темірлан Анарбеков ("Қайрат"), Бекхан Шайзада ("Ордабасы"), Александр Заруцкий ("Ақтөбе"), Мұхаммеджан Сейсен ("Астана"), Стас Покатилов ("Сабах", Әзербайжан).

Қорғаушылар: Нұралы Әліп ("Зенит", Ресей), Әлібек Қасым, Ян Вороговский (екеуі де – "Астана"), Сергей Малый, Сұлтанбек Астанов (екеуі де – "Ордабасы"), Темірлан Ерланов, Талғат Құсяпов (екеуі де – "Ақтөбе"), Александр Широбоков, Дамир Қасабулат, Александр Мрынский, Еркін Тапалов (бәрі – "Қайрат"), Сағадат Тұрсынбай ("Жеңіс"), Владислав Васильев ("Оқжетпес"), Наурызбек Жагоров ("Тобыл"), Саға Совет ("Қайсар"), Арсен Әшірбек ("Елімай").

Жартылай қорғаушылар: Бауыржан Исламхан, Станислав Басманов, Дінмұхамед Қараман (барлығы – "Астана"), Рамазан Оразов, Алмас Төлібай (екеуі де – "Елімай"), Георгий Жуков ("Ақтөбе"), Исламбек Қуат ("Жеңіс"), Жасұлан Әмір, Эльхан Астанов, Әбинур Нұрымбет (бәрі – "Ордабасы").

Шабуылшылар: Дастан Сәтпаев ("Бөрнли", Англия), Ислам Чесноков ("Крылья Советов", Ресей), Исмаил Бекболат, Азамат Тұяқбаев ("Қайрат"), Акмаль Бақтияров ("Елімай"), Артур Шушеначев ("Ақтөбе"), Рамазан Кәрімов ("Астана"), Оралхан Өміртаев ("Оқжетпес"), Максим Самородов, Ғалымжан Кенжебек (екеуі де – "Ахмат", Ресей).

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 181-БАБЫН ТҮСІНДІРУ. САЛЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕП-ҚАРАУ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Кодексі.

1. Салықтық зерттеп-қарау – салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау мақсатында салық органы жүзеге асыратын іс-шара.

Салықтық зерттеп-қарау салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша жұмыс уақытында жүргізіледі.

Салықтық зерттеп-қарауды жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен куәгерлер тартылады.

2. Салықтық зерттеп-қарауды жүргізу үшін:

1) салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқаманы, салықтық тексерудің алдын ала актісін, салықтық тексеру актісін, мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және (немесе) билік етуі шектелген мүлік тізімдемесінің актісін табыс етудің мүмкін болмауы;

2) адресаттың тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша болмауына, сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері мен электрондық пошта мекенжайлары туралы деректердің болмауына немесе ұсынылған деректер бойынша кері байланыстың болмауына орай табыс етілуінің мүмкін еместігі туралы белгі қойылған пошта хат-хабарының қайтарылуына байланысты, салық төлеушінің (салық агентінің) іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау қажеттілігі негіз болып табылады.

3. Салықтық зерттеп-қараудың жүргізілетіні туралы салық төлеушіге (салық агентіне) (басшысына) веб-қосымша немесе веб-портал арқылы күні бұрын, бірақ салықтық зерттеп-қарау жүргізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.

4. Салықтық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жері бойынша болмау фактісі анықталған кезде салықтық зерттеп-қарау актісі жасалады.

Салықтық зерттеп-қарау актісіне оны жасаған салық органының лауазымды адамы, сондай-ақ куәгерлер қол қояды. Әрекет жасалған кезде орындалған фотографиялық түсірілімдер мен негативтер, бейнежазбалар немесе басқа да материалдар актіге қоса тігілуі мүмкін.

Салықтық зерттеп-қарау актісінің көшірмесі салық төлеушіге (салық агентіне) оның сұрау салуы бойынша веб-қосымша арқылы ұсынылады.

5. Салық органы салықтық зерттеп-қарау актісі жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын және әкесінің атын немесе атауын, салықтық зерттеп-қарауды жүргізу күнін көрсете отырып орналастырады;

2) салық төлеушінің тұрған жерін (болмауын) растау туралы хабарламаны (бұдан әрі осы баптың мақсатында – хабарлама) салық төлеушіге (салық агентіне) жібереді.

6. Салық төлеуші (салық агенті) хабарламаны салық органына өзі келу тәртібімен:

1) салықтық зерттеп-қарау кезінде болмау себептері туралы түсінікті;

2) жылжымайтын мүлікке құқықтылығына қарай салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жерін растайтын құжатты:

жылжымайтын мүлікке меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын растайтын (кемінде бір жыл мерзімге) құжаттың көшірмесін;

пайдалану құқығын растайтын (бір жылдан аз мерзімге) құжаттың көшірмесін, ұсынғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын салыстырып тексеру үшін көрсетілген құжаттың түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып;

тұрған жері ретінде мәлімделген жылжымайтын мүлік меншік құқығында болатын жеке тұлғаның нотариат куәландырған келісімін ұсыну арқылы орындауға тиіс.

7. Хабарлама осы бапта белгіленген мерзімде орындалмаған кезде салық органы хабарламаны орындау мерзімі өткеннен кейінгі келесі жұмыс күні электрондық шот-фактуралардың жазып берілуін тоқтата тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қамтамасыз ету тәсілі, егер көрсетілген бөлікте өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 5-тарауының 4-параграфында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қолданылады.

Айгерім БАЙДӘУЛЕТОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімінің бас маманы

2026 ЖЫЛДАН БАСТАП САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Жаңа өзгерістердің негізгі мақсаты – салықтық әкімшілендіруді жетілдіру, салық төлеушілер үшін салық міндеттемелерін орындауды барынша түсінікті әрі ыңғайлы ету.

Жаңа тәсілдер салықтық бақылауды жүргізу, салық төлеушілермен өзара іс-қимыл жасау және цифрлық технологияларды қолдану бағыттарын қамтиды. Салықтық әкімшілендіруде салықтық тәуекелдерді талдау мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға ерекше мән беріледі.

2026 жылдан бастап арнайы салық режимдеріне де бірқатар өзгерістер енгізілді. Арнайы салық режимдерінің саны қысқартылып, кәсіпкерлер үшін салық салу тәртібін таңдауды жеңілдетуге бағытталған жаңа талаптар белгіленді.

Сонымен қатар, жеке тұлғалардың табыстарына салық салу, салықтық шегерімдерді қолдану және басқа да салықтық міндеттемелер бойынша өзгерістер көзделді. Осыған байланысты салық төлеушілерге жаңа Салық кодексінің нормаларымен танысып, өздерінің салықтық міндеттемелерін уақытылы орындау маңызды.

Қазіргі таңда салықтық әкімшілендірудің басты бағыттарының бірі – цифрландыру. Электрондық сервистерді кеңінен қолдану салық төлеушілерге мемлекеттік қызметтерді қашықтан алуға мүмкіндік беріп, салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы өзара байланысты жеңілдетеді.

Салық заңнамасын сақтау – әрбір азамат пен кәсіпкердің ортақ жауапкершілігі. Ал салықтық әкімшілендірудің тиімділігі бюджет кірістерінің тұрақты қалыптасуына және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

Э. ХАСАНХАНОВА,
Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ ШАРАЛАРЫ

1. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары (бұдан әрі – мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары) – салық төлеушінің (салық агентінің) белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаған салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындауын қамтамасыз етуге бағытталған салық органының әрекеттері.

2. Салық төлеушіге (салық агентіне) қолданылатын мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары мыналар болып табылады:

1) оның банктік шоттарындағы ақша есебінен өндіріп алу;

2) дебиторлардың шоттарынан өндіріп алу;

3) оның билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен өндіріп алу;

4) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару;

5) Қазақстан Республикасынан шығуды уақытша шектеу;

6) жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығару.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары заңды тұлғаға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке, дара кәсіпкерге, жеке практикамен айналысатын адамға қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) – 6) тармақшаларында көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары осы Кодекстің 189 және 190-баптарында айқындалған субъектілерге қолданылады.

3. Осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шараларының күші:

1) банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы сот актісі шығарылған күннен бастап;

2) оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы сот актісі шығарылған күннен бастап;

3) борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сот актісі шығарылған күннен бастап;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап;

5) екінші деңгейдегі банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап жойылуға жатады.

Осы тармақтың ережелері банкроттық және оңалту туралы істер бойынша іс жүргізу қозғалған, сондай-ақ борышкерге қатысты берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы сот актісі шығарылған күннен бастап пайда болған салықтық берешек сомаларына қолданылмайды.

4. Лауазымды адамдардың салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі әрекеттеріне шағым жасау салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларының қолданылуын немесе күшін тоқтата тұрмайды.

Әсел ЕРГЕШОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының өндіріп алу бөлімнің бас маманы

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
"Tacc-Media" ЖШС

Төраға:
Қуанышбек БОТАБЕК

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)

Астана қаласы тілшілер қосынының жетекшісі:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН

Ержан УӘЙІС
ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі
(Түркия)

Балжан АРИНОВА
(Астана қаласы мен Ақмола облысы)

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 663 50 55
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК "Print Sap" баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1734.

Орта Азия мен Қазақстандағы тұңғыш қорыққа биыл 100 жыл толып отыр. Тұңғыш қорықтың тарихына үңілсек, оның тамыры тым тереңде жатыр. «Ақсу-Жабағылы» қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне кірген. Бұдан бір ғасыр бұрын бұл қорықты осы жердің табиғаты мен аң-құстарын, өсімдіктерін бүгінгі және келешек ұрпаққа қаз қалпында сақтап қалу мақсатында құрған. «Табиғат – тіршілік тірегі» деп халқымыз айтқан игі мақсатты орындау жолында, өткен жүз жылда осы қорықта қызмет еткендердің арасында мықты басшылар мен ғалымдар, мамандар, лаборанттар, қорықшылар мен инспекторлар болды. Олар ұзақ жылдар бойы осында еңбек етіп, «Ақсу-Жабағылы» қорығын әлемдегі бірегей қорықтардың қатарына қосқаны бізді қуантып, көңілімізді марқайтады.



«АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ» ҚОРЫҒЫ ТАБИҒАТТЫҢ АДАМҒА ТАРТҚАН ТАМАША СЫЙЫ

КӘНІГІ ҚОРЫҚШЫ САБАЕВ ПЕН ӘБІЛДАЕВТАР ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ

Бұдан бір ғасыр бұрын Орта Азия мен Қазақстанда құрылған тұңғыш «Ақсу-Жабағылы» қорығында қаншама аталарымыз бен апаларымыз аянбай еңбек етіп, аптап ыстық пен аязды, боранды, жауын-шашынды күндері небір қиыншылықтарды бастарынан өткеріп, браконерьлермен күресіп, аңдар мен құстарды, өсімдіктерді қорғап, бүгінгі күнге жеткізді. Табиғаттың баға жетпес байлықтарын сақтау жолында ерен еңбек сіңірген қорықшылар мен инспекторларды халық білуі керек деп есептеймін.

Жүзжылдық мерейтой қарсаңында осы қорыққа 36 жыл бұрын егер болып жұмысқа кіріп, бүгінгі күні мемлекеттік инспектор Дауылбай Пошанұлымен және көп жылдар бойы қарапайым қорықшы болып істеп зейнеткерлікке шыққан Мырзатай Мұратәліұлымен тілдесудің сәті түсті.

Сәл шегініс жасап айта кетсем, Дауылбай мен Мырзатайдың әкелері, Пошан Әбілдаевпен Мұратәлі Сабаев сонау 1950-1990 жылдары «Ақсу-Жабағылы» қорығында қатардағы қорықшы болып, қиын кезеңдерде күн-түн демей, аянбай жұмыс істеген ардақты азаматтар! Марқұм Мұратәлі мен Пошан көкелеріміз өмірден өтіп кеткенімен, олардың ұлдары Мырзатай мен Дауылбай әкелерінің жолын қуып, қорықта егерден бастап, кейін мемлекеттік инспектор болып, Ақсудың арғы жағы мен бергі жағындағы бірнеше кордонда адал еңбек еткен және қызмет етіп жүрген қорықшы әулетінің атпал азаматтары. Қазақта: «Атадан бала туар, атаның жолын қуар» дегендей, Мырзатайдың ұлы Дулат инспектор-,Дауылбайдың ұлы Диас Көкшетауда орманшы мамандығына оқып жүр екен. Демек, Сабаев пен Әбілдаевтардың әулеті – кәнігі қорықшылардың әулеті!

Дауылбай Әбілдаев пен Мырзатай Сабаевтан сұхбат алу үшін оларды Балдыберек және Қаратөбе ауылдарындағы үйлеріне арнайы іздеп бардым. Әлемге әйгілі қорықтың жүзжылдығына орай зейнеткер Мырзатай мен инспектор Дауылбайдан әкелері туралы және «Ақсу-Жабағылы» қорығын басқарып, ел-жұрттың құрметіне бөленген басшы Айтбек Меңлібековтің атқарған еңбектері жөнінде айтып беруін сұрандым.

Ардагер Мырзатай аға аз сөйлейтін тұйықтау адам болғандықтан, әкесі туралы «Менің әкем Мұратәліұлы өте еңбекқор әрі сабырлы, өзіне жүктелген тапсырманы тындырып істейтін және тазалық пен тәртіпке қатты қарайтын кісі еді. Көкем Мұратәлі мен анам Ұлжаннан тараған 7 ұл, 3 қыздан өрбіген немерелер мен шөбере баршылық.» деп қысқа қайырды. Инспектор Дауылбай әкесі туралы жан-жақты әрі толығырақ мәлімет берді. Дегенмен, екеуі де әкелерінің бүкіл саналы өмірін тауда тынымсыз еңбекпен өткізіп,қорықтың аң-құстары мен шипалы өсімдіктерін, жалпы табиғатын қорғауға ерен еңбек сіңіргендерін және өздерін қорықшылар әулетінің ұрпақтары екендігін мақтан тұтатындарын айтты.

Дауылбай әңгімені әріден бастап, ауыл адамдарының айтуынша, әкем Пошан аққөңіл, жаны жайсаң, қолы ашық және өз ісіне берілген жан болған деседі. Менің бір білетінім, «Көкем айтқан уәдесіне берік болатын. Мен қорыққа жұмысқа кірген 1992 жылы «Сілбілі» кордонында Түлкібас жақтан



Пошан Әбілдаев



Мырзатай Сабаев



Айтбек Меңлібеков



Дауылбай Әбілдаев



келген Нұрғали деген жігітпен бірге істедім. Сол жылдары оның келіншегі босанып, ұл туғанда, әріптесім Нұрғали, Пошан көкесіне «осы баламның үйлену тойын өзіңіз ашып, бата бересіз» дегені есімде.

- Сонда әкем, аман болсам, тойыңа барамын деп, - уәде берген. Уақыт деген тез өтеді екен. 2024 жылы әкем жасы 90-нан асқанына қарамастан, сөзінде тұрып, менің машинама отырып, Нұрғалидың баласы Нұртастың үйлену тойына барып, батасын беріп, уәдесін орындады, – деді Дакең. Пошан Әбілдаұлынан тараған 3 ұл, 8 қыздан өсіп-өнген бала-шаға бұл күнде бір қауым ел болдық. Әкем былтыр 92 жасында өмірден өтті. Әкем жас кезінде Түлкібас жақта шахтада, кейін Ленгер ауданындағы Елтай ауылына көшіп келіп, теміржолда жұмыс істеді. Қай жерде жұмыс істесе де, абыройлы болып, ел құрметіне бөленгені жөнінде Түлкібас, Ленгер ауданының адамдарынан есітіп, риза болып қаламыз. Әсіресе, қорықта жұмыс істеген жылдары аң-құстарды, өсімдіктерді қорғауға көп еңбек сіңірді. Әкем бізге үнемі «Табиғат – адамзаттың ортақ үйі», «Табиғатқа қамқорлық – ұрпаққа қамқорлық» деген нақыл сөздерді айтып, құлағымызға құйып отыратын. Әкем Пошан 26 жыл қорықта адал қызмет істеп, көптің құрметіне бөленген ардақты азамат! 2023 жылы тамыз айында Пошан Әбілдаев туралы «Ардақты Ардагер» журналына «Тау мен қария» атты көлемді мақала жарық көрген.» - деп Дауылбай әңгімесін қорытты.

Сырт көз сыншы дегендей, М.Сабаев пен Д.Әбілдаев екеуінің де өз шаңырақтарындағы үйлерінде ұлдары мен келіндерімен бірге тату-тәтті тұратындарын өз көзіммен көріп куә болдым. Олардың шын мәнінде өсіп-өнген үлгілі отбасы екендіктерін ауылдағылар да айтты.

ЖҰМЫСТА ӨЗІН ДЕ, АТТЫ ДА АЯМАЙТЫН ДИРЕКТОР АЙТБЕК МЕҢЛІБЕКОВ

Ардагер Мырзатай аға мен инспектор Дауылбайдан бұрынғы директорлар және есте қалған ерекше бір сәттер туралы айтсаңыздар деп қолқа салдым. Олардың айтуларына қарағанда, директор Айтбек Меңлібеков «Ақсу-Жабағылы қорығын» 20 жылдай басқарып, игі істерді қолға алып, оларды жүзеге асырған іскер директор. Ол қорыққа басшылық жасаған жылдары Ақсудың оң және сол жағалауларындағы кордондарға жаңа заманауи үйлер салдыртып, материалдық-техникалық жағын да жаңартып және қызметкерлердің әлеуметтік жағдайларын жақсартуға күш салған мықты басшы екендігін айтты. Айтбек Нарынбайұлының астындағы аты болдырса да, өзі шаршамай, басқа ат ауыстырып мініп, қорықты әрмен қарай аралап, бәрін өзі көріп, тексеріп жүретін талапшыл басшы болғаны рас. Айтбек ағаның ағысы күшті Ақсу өзенінің үстінен, рельспен шпалды, тағы басқа да материалдарды атпен тасытып, көпір салдырғанын қызметкерлер де, аудан тұрғындары да жақсы біледі, - деді жігіттер.

- Мен білетін Айтбек Нарынбайұлы, кейде Ақсудың арғы бетінен дүрбі салып, бергі бетті бақылап, бергі жақта браконерьдің жүргенін бізге рациямен айтып ескертетін. Содан кейін біз, 4 кордонның инспекторлары жабылып іздеп, браконерьді тауып, оны ұстап, акті жазып жатқанда, Аятбек ағаның өзі де келіп қалатын – деді Дакең.

ТАУ БАЛАСЫ ТАУҒА ҚАРАП ӨСЕДІ немесе ИНСПЕКТОР ДАУЫЛБАЙ ТУРАЛЫ

Мың есіткеннен бір көрген артық деп, «Ақсу-Жабағылы» Мемлекеттік қорығының бүгінгі жағдайын өз көзімен көріп танысу мақсатында «Дарбаза» кордонына барып, мемлекеттік инспектор Дауылбай Әбілдаевқа жолықтым. Ол 1992 жылдан бері тарихи қорықтағы бірнеше кордонда тынбай еңбек етіп келе жатқан майталман маман.

Дауылбай 1968 жылы Балдыберек ауылында дүниеге келген. 1976-1983 жылдары Ленгер қаласындағы N17 мектеп-интернатты бітірген соң, үш жыл Владивостокта әскери флотта қызмет етіп, старшина болып, елге оралады. Одан кейін Георгиевкадағы училищеде оқып, механизатор мамандығын алып, Ленгердегі «Луч» фабрикасында жұмыс істейді. Еліміз егемендік алған соң 1992 жылы Дауылбай туған ауылына келіп, әкесінің жолын қуып, «Ақсу-Жабағылы қорығына» егер болып орналасады. Ол осылай қорықшы қызметіне ден қойып, тыңғылықты еңбегімен көзге түсіп, мемлекеттік инспектор болып өсіп, бірнеше кордонда жұмысын жалғастырып келеді. Тауда кордонда Дакеңмен бірге жүрген кезде, оның тазалық пен тәртіпке көп көңіл бөлетінін байқадым. Оның басты ұраны: «Таза табиғат – таза болашақ», «Жерді аяласақ, жер де бізді аялайды» екен. Ол өзі отырған ғимараттың айналасын таза ұстайтынын және ағаштар мен гүлдердің жайқалып өсіп тұрғанын барғанда байқадым. Біз қорықты аралап жүргенде, табиғатқа келіп жатқан үлкенді-кішілі адамдар көп және бірі темекінің тұқылын, екіншісі бос ыдысын тастай салады. Дакең жол-жөнекей соларды жинап және жолыққан адамдарға тазалықты сақтау керектігін ерінбей ескертіп отырды. Айтуға оңай болғанымен, оларды бақылап, тәртіпке шақыру оңай емес екен. Соның арасында «Ақсу-Жабағылы» қорығының басшылары рациямен жиі хабарласып, түрлі тапсырмалар беріп жатты. Бір сөзбен қайырғанда, қызып жатқан жұмыс.

Айтпақшы, бұларды сырттай бақылап және сырттарынан «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп арыз жазатындар да бар екен. Мысалы, бірер жылда 4 арыз бойынша жоғары жақтан тексерушілер келіп, анық-қанығын тексеріп болған соң, дәлелін таппады деп анықтама жазған екен. «Қазақта: «Әке көрген оқ жонар» дегендей, Дауылбай ұзақ жылдар бойы адал атқарған жемісті еңбегі еш кеткен жоқ. Қоғамдық өмірге белсене араласқаны басшылық пен аудандық, облыстық мәслихат тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше Құрмет грамоталарын иеленді. Еліміздің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында биологиялық әртүрлілікті сақтауда және көбейтуде қол жеткізген табыстары үшін Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің және ел Президентінің тарапынан бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.



Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
«Әділет» газетінің арнаулы тілшісі, журналист-жазушы